

**Қостанай облысы әкімдігі білім басқармасының
«Сарыкөл агробизнес және құқық колледжі» КМҚК
КГКП «Сарыкольский колледж агробизнеса и права»
Управления образования акимата Костанайской области**



**Қазақ тілі мен әдебиеті ЖББ 5 оқу құралы
техникалық және технологиялық бағыт
"Ауыл шаруашылығын механикаландыру"
мамандығы бойынша**

**Учебное пособие ООД 5 Казахский язык и литература
Технико и технологическое направление
по специальности «Механизация сельского хозяйства»**

Құрастырған/ Составитель: Утенова Гүлвира Сапановна

Сарыкөл 2023 ж.

Кіріспе

Кіріспе Қазіргі нарықтың талабына сай болашақ бәсекелес мамандарды даярлау мақсатында студенттерге үздіксіз білім беру, оларды оқыту, әсіресе мемлекеттік тілді кәсіби тілде үйрету маңызды болып табылады. Өйткені, болашақта мемлекеттің саясатын, оның ішінде мемлекеттік тіл саясатын жүргізетіндер, тілдік орта құрайтындар, оны ары қарай жетілдіретіндер де жас буын - жастар.

Кәсіби тіл - белгілі бір мамандық, не кәсіп саласы шеңберінде жиі қолданылатын тілдік құрылымдар жиынтығы.

Кәсіби тіл - өз саласына сай терминологиясы, кәсіби-ғылыми ұғымдық аппараты бар, сөз қолданысы мен тіркесуінде қалыптасқан нормалары бар тіл болып табылады.

Қазіргі қоғамның алдындағы негізгі мақсаттарының бірі - биік кәсіби іскерлігі адамгершілік қасиетпен ұштасып жататын шығармашыл тұлғаларды дайындау. Соған байланысты жаңа ағымға сай білікті мамандар даярлау, оқытудың сапасын жоғары дәрежеге көтеру, кәсіби мамандықтарға негізделген білім беру үшін, жаңа инновациялық технологияларды пайдаланып, оқытуға ерекше назар аударылуда.

Қазақ тілі Қазақстан Республикасының мемлекеттік тілі болғандықтан, қазір қоғам өмірінің қай саласын алып қарасақ та, мамандардың мемлекеттік тілді білуі талап етіледі. Бұл талаптың жыл санап күшейе түсіп, жұмысқа қабылдаудағы қызмет сатысымен өсу барысындағы негізгі шарттардың бірі екенін әр қазақстандық сезіне бастады. Сондықтан да, болашақ мамандардың өз кәсіби саласына қатысты негізгі ұғымдардың атаулары мен жиі қолданылатын оралымдарды білуге деген ұмтылыс ерекше болып саналады.

Бүгінгі студент - ертеңгі болашақ маман. Әр студент маман ретінде өзінің кәсіби тілінде, яғни мемлекеттік тілде қарым-қатынасқа түсе біліп, мамандығына қатысты термин сөздерді меңгеріп, белсенді қолдана білуі тиіс.

Қазақ тілін кәсіби бағытта оқыту - ертеңгі болашақ маманның кәсіби даярлығы мен дағдыларын қалыптастыра отырып, өзінің болашақ мамандығына тән барлық аспектілермен жете танысып, игерген теориялық білімдерін тиянақтап, мамандығына деген өз көзқарастарын жан-жақты қалыптастыра бастайды. Кәсіби бағдар бере отырып оқыту қазақ тілінде сөйлеу тілін қалыптастыру мен дамытудың ең маңызды факторы болып табылады. Кәсіби тілде оқыту болашақ маманды қалыптастыру үшін, қолайлы жағдай туғыза отырып, білім алушыларды мамандығына сәйкес оқыту, яғни мамандықтарына қатысты лексикалық минимумды меңгерту. Кәсіби бағытты ескере отырып оқыту - білім алушының таңдаған мамандықтарына қажетті білімді толық игерген, кәсіби мүмкіндігі мол маман иесін даярлауға бағыттайды. Кәсіби қазақ тілі пәнінің тәжірибелік сабақтарынан мамандықтары туралы тереңірек білулерімен бірге, басқа да тақырыптарды меңгеріп, термин сөздермен жұмыс жасауға өздерін дайындайды. Ойпікірлерін дұрыс жеткізе білуге, сөздік қорларын байытуға, жаңа сөздерді 5 меңгеруге тырысады. Кәсіби қазақ тілі пәні білім алушының болашақ маман ретінде кәсіптік шеберліктерін мемлекеттік тілде меңгеруіне негіз бола отырып, сөйлеу әрекетінің төрт қағидатына (тыңдалым, оқылым, айтылым, жазылым) негізделген білім алушының мақсаты, тілді қолдану саласы, коммуникативтік жағдаяттар компоненттері, контекспен байланыстылығы тіл бірліктерінің қолданыстағы қызметіне сай анықталады.

Дегенмен, кәсіби қазақ тілі мен қазақ тілін оқыту әдістемесі екі жақты, себебі қазақ тілі - тіл үйрету, яғни мұнда оқытушы тілді үйретуді басшылыққа ала отырып, тіл үйретудегі барлық әдіс-тәсілдерді, тілдік нормаларды, грамматикалық тұлғаларды толығымен қамтып, тілдік, оның ішінде ауызекі сөйлеу әрекетіне бағыттайды. Ал, кәсіби қазақ тілі - әр маман иесін өз маман тілінде сөйлей алуға бағыттау. Бұл салада болашақ маман, яғни студент тілді меңгерген немесе түсіне алатын, сөйлеуге талпыныс жасайтын, грамматикалық тұлғалардан, тілдік нормалардан хабары бар тұлға болуы тиіс. Мұнда оқытушының мақсаты - әр мамандық ерекшелігіне байланысты термин сөздерді меңгерте отырып, кәсіби тілде сөйлеуге бағыттау.

Әрине, кәсіби қазақ тілі тәжірибелік (практикалық) сабақ болғандықтан, оны жүргізу жолдары қазақ тілі сабағына жақынырақ болады. Олай дейтініміз, тәжірибелік сабақта міндетті түрде педагогика ғылымы көрсетіп бергендей әдістеме саласындағы сабақтың барлық сатылары қарастырылып, сабақты түрлендіріп, өткізіп отыруға міндеттейді.

жаңа сөздер – терминдер	новые слова - термины
нарықтық экономика	рыночная экономика
мағына, маңыз	значение
кәсіби шеңберінде	в кругу профессионализма
әріптес	коллега
өз деңгейінде	на своем уровне
үлес	вклад, доля
меңгеру	усвоить
міндет	обязанность
бәсекеге қабілетті	конкурентноспособный
тәжірибелі	опытный
парыз, қарыз	долг

Кәсіби сөздер туралы

Бүгінгі заман талабына сай нарықтық экономика өркендеп отырған кезеңде болашақ мамандардың кәсіби терминдерді меңгеруінің маңызы зор.

Терминдер дегеніміз – бір мағыналы, ғылым мен техникаға тән сөздерді айтады. Терминдердің көпшілігі бірнеше тілге ортақ, тән болып қолданылады.

Кәсіби сөздер дегеніміз белгілі кәсіпке, мамандыққа байланысты сөздерді атайды. Бұлар өз кәсіби шеңберінде, әріптес мамандар арасында баршаға бірдей түсінікті болып келеді.

Қазақстан экономикасын, мәдениетін және дамуын көтеру үшін біздер кәсіби сөздерді өз деңгейімізде меңгеріп, еліміздің өркендеуіне өз үлесімізді қосуымыз керек. Кәсіби сөздерді білу біздің басты міндетіміз. Болашақта бәсекеге қабілетті, тәжірибелі маман болу үшін кәсіби сөздерді меңгеру біздің парызымыз.

Тапсырмалар

1. Сұрақтарға жауап беріңіздер.

- Қазақ тілі қай жылы мемлекеттік мәртебе алды ?
- Терминдер дегеніміз не?
- Кәсіби сөздер дегеніміз не?
- Бәсекеге қабілетті маман дегенді қалай түсінесің ?
- Қазіргі уақытта кәсіби қазақ тілінің маңызы қандай?
- Қазақ тілінің кәсіби қазақ тілінен қандай айырмашылығы бар?
- Қазақ тіліне тән қанша дыбыс бар?
- Мәтіннен қазақ тіліне тән дыбыстарды табыңыздар.
- Қазақ тілінде дауыстылардың саны қанша?
- Дауыссыз дыбыстар үн мен салдырдың қатысына қарай неше түрге бөлінеді?

2. Кестені толтырыңыздар

Дауыссыз дыбыстар	ұяң	үнді	катаң
П			
Ч			
Г			
Ф			
Р			
Т			
Л			
Б			
К			
М			
Н			
Ғ			
Ш			
Й			

3. Сөз тіркестерімен сөйлем құрастырыңыздар.

Заман талабы, кәсіби терминдер, мамандыққа байланысты сөздер, үлес қосу, кәсіби сөздер, бәсекеге қабілетті.

4. Мақалаларды ажыратып оқып, мағынасын түсіндіріңіздер.

Оқуинеменкұдыққазғандай.
Оқусызбілімжоқбілімсізкүніңжоқ.
Ұстазыжақсыныңұстанымыжақсы.
Оқысаңозарсыңоқымасаңтозарсың.

5. Жұмбақтардың шешімдерін табыңыздар.

Дүниеде бір дария беті қатқан,
Бетінде бетегесі шығып жатқан.
Қараса ол құдыққа көз жетпейді,
Құр қалмас сол құдықтың дәмін татқан.
(....)

Жаны жоқ болса да,
Ақылды адам ісін істейді.
(....)

6. «Буриме»

Менде бар бір ғана ... ,
Сіздер сенім артсаңыздар
Кәсіби сөздерді меңгеріп,
Мен болашақта боламын жақсы

7. Сұхбатты толықтырыңыздар.

- Сәлеметсіз бе? Сізбен танысуға бола ма?
-
- Менің атым - Самат. Ал сіздің ше?
-
- Жақсы мынау кім?
-
- Сіздер қазақ тілін қай деңгейде білесіздер?
-

Тақырып: Менің оқу орным

жаңа сөздер – терминдер	новые слова - термины
оқу орны	учебное заведение
Сарыкөл агробизнес және	Сарыкольский колледж
құдық колледжі	агробизнеса и права
құрылған	основано
бітіріп шықты	закончили
қайта құрылды	переименованно
ұйымдастырылды	организованно
сырттай	заочное
тәжірибелі	опытный
білікті	квалифицированный
маман	специалист
бөлім меңгерушілері	заведующие отделения
кәсіби техникалық мектеп	Проф. Техническая школа

Сарыкөл агробизнес және құқық колледжі



Сарыкөл агробизнес және құқық колледжі 1966 жылы құрылды. Колхоздардан, совхоздардан және ТСМ-ден кейін ауыл үшін орта буын мамандарын даярлайтын ауыл шаруашылығы оқу орындары ашылды. Сондықтан тың және тыңайған жерлер негізделе отырып, вп-ның білікті кадрларын даярлау үшін. Урицкий 1966 жылы филиал ашылды. 1993 жылы екі оқу орнының – "СПТУ-22" және "Урицкий совхоз-техникумының" қосылуы нәтижесінде "колледж" және "кәсіптік мектеп" екі бөлімнен тұратын "Урицкий ауыл шаруашылығы колледжі" мемлекеттік оқу орны құрылды. 2005 жылы колледж болып қайта құрылды. Сарыкөл агробизнес және құқық колледжі Гагарин көшесінде орналасқан. Біздің колледжде 2 оқу бөлімі бар. Олар: колледж бөлімі, кәсіптік мектеп бөлімі. Әр оқу орнында бөлім меңгерушілері бар.

Біздің колледжіміздің оқытушылары-тәжірибелі, білікті мамандар.

Тапсырмалар

1. Сұрақтарға жауап беріңіздер.

- Колледж қай жылы құрылды?
- Сен қайда оқисың?
- Сен колледжде қай жылдан бастап оқисың ?
- Сенің оқу орның қайда орналасқан?
- Колледжде қанша бөлім бар?
- Сен қай бөлімде оқисың?
- Бөлім меңгерушісі кім?
- Колледж директоры кім?
- Сенің сынып жетекшісі кім?
- Сен нешінші курста оқисың?
- Сен қай топта оқисың?
- Директордың оқу – тәрбие жөніндегі орынбасары кім?

2. Сөз тіркесін тәуелдеп, сөйлем құрастырыңыздар.

Оқу орны

3. Мәтіннен тәуелдік жалғауларын табыңыздар.

4. Сөздерді орнына қойып, мақал- мәтел құрастырыңыздар.

Еңбек, тілейді, ептілікті.

Көзін, тапқан, байлықтың, табады, өзін, еңбектің.

Қарай, өнбегі, еңбегіне.

5.Бес жол өлең құрастырыңыздар.

Зат есім

Сын есім

Етістік

Сөйлем

Синоним

6.Жұмбақтарды шешіңіздер.

Бір нәрсе білмегенді білгізеді,

Өзінді тұрсаң қарап күлгізеді.

Жалғанда әңгімесі сондай қызық,

Жаныңды тыңдай берсең кіргізеді.

(.....)

7.Сұхбатты толықтырыңыздар.

- Сен қайда оқисың?

-

- Сен қай жылы оқуға түстің?

-

- қай жерде орналасқан?

- көшесінде орналасқан.

- Сен нешінші курста оқисың?

-

8. Өлең (Буриме) жазып шығарыңыздар.

... .. жерім,

... .. бөлімім.

Білікті, тәжірибелі оқытушылар,

... .. білім.

Тақырып: Менің мамандығым

жаңа сөздер – терминдер	новые слова - термины
қызметкер	служащий
кәсіпкер	предприниматель
қалап	выбрать
бастық	начальник
таңдау	выбирать
хатшы	секретарь
жалпы	общий
тәлімгер	стажер
өкінбеймін	не сожалею
бас маман	гл.специалист
заңгер	юрист
саясаткер	политик
қорғаушы	адвокат

Мамандық таңдау мақсатым

Мамандық таңдау - әрбір мектеп бітіруші- түлектің мақсаты.

«Армансыз адам, қанатсыз құспен тең», - дейді қазақ. Барлық адам баласының арманы болады. Арманшыл адам болашақта дегеніне жете алмайды. Мамандықпен өнерді адам өз жүрегінің қалауымен таңдап алады. Мен де өз жүрегімнің қалауымен Қостанай автомобиль көлігі колледжіне техник-механик мамандығына оқуға түстім. Қазір екінші курста оқимын. Мақсатым- өзім қалап алған ісімнің маманы болу. Болашақ мамандығым өзіме ұнайды. Алғашқы екі жыл біз жалпы пәндерді оқимыз. Үшінші курстан бастап бізге мамандық бойынша сабақтар жүреді. Мен ол сабақтарға өте жақсы дайындаламын, өйткені жақсы маман болу үшін жақсы оқу керек. Осы мамандықты қалағаным өкінбеймін, оның болашағы зор. Мен болашақта білікті, тәжірибелі, бәсекеге қабілетті маман боламын деп ойлаймын.



Тапсырмалар

1. Мына сөздерден сөйлем құрап, тәуелдік жалғауларын табыңыздар.

Мамандығым, маған, болашақ, ұнайды, өте.

Колледжінде, автомобиль, Қостанай, оқимын, көлігі, бірінші, курста, мен.

Гагарин, көшесінде, колледж, орналасқан.

Колледж, мамандарды, дайындайды, жақсы.

Маман, болу, үшін, жақсы, керек, оқу.

2. Буын түрлерін ажыратып жазыңыздар.

Мысалдар	ашық	тұйық	бітеу
Маман			
Мектеп			
Түлек			
Арман			
Адам			
Сабақ			
Зор			
Болашақ			
Жақсы			
Іс			
Бағалау			
Айт			
Көше			
Колледж			

3. Мақал- мәтелдерді ажыратып оқып, мағынасын түсіндіріңіздер.

Бейнетсізрақатжоқ.

Ақылкөпкежеткізерөнеркөккежеткізер.

Күшбілімдебілімкітапта.

Мектепкемебілімтеңіз.

Армансызадамқанатсызқұспентең.

4.Мамандық және лауазым атауларын жеке- жеке жазыңыздар.

Қызметкер, кәсіпкер, мәжіліскер, әкім, бағдарламашы, техник –механик, бас маман, бағалаушы, бастық, экономист, хатшы, жол құрылысшысы, жетекші маман, тасымалдауды ұйымдастырушы, тәлімгер, саясаткер, заңгер, геодезист, қорғаушы, автослесарь, электргаздәнекерлеуші, министр, жүргізуші, жолаушы, жаяу жүргінші.

5.Мамандық атауларын сала бойынша атаңыздар.

Ой-еңбегі саласы	Өндіріс саласы	Ауыл-шаруашылық саласы	Тұрмыстық қызмет көрсету саласы	Өнер саласы

Жазушы, жұмысшы, құрылысшы, балташы, іскер, малшы, қойшы, есепші, кенші, тоқмашы, тілші, жүргізуші, әртіс, ғалым, суретші, аспазшы, сауыншы, ақын, тігінші, мақташы, ұшқыш, егінші, бояушы, теңізші, сәулетші, әнші, зергер, биші, автослесарь, бағдарламашы, сағат шебері, шаштараз, заңгер, аяқ киім жөндеуші, домбырашы, дәрігер, экономист, бағалаушы, геодезист, техник-механик, тасымалдауды ұйымдастырушы.

6.«Өлең»(«Буриме») ойланып жазыңыздар.

Менің елім ... ,
... болу менде
Елімнің мәртебесін көтеруде,
Мен боламын жақсы

7.Жұмбақтардың жауаптарын табыңыздар.

Жапанда бір нәрсе бар аузы жабық,
Ашылар мезгілінде баурын жазып.
Ішінде толып жатқан қазынасы,
Қорек қып пайдаланар тамам халық
(.....)

Қабат-қабат қаптама,
Ақылың болса аттама.
(.....)

Тақырып: Автомобильдің шығу тарихы

жаңа сөздер – терминдер	новые слова - термины
қозғалтқыш	двигатель
қозғалатын арба	самодвижущая телега
өнертапқыш	изобретатель
бу автомобилі	паровой автомобиль
құрастырды	построил, собрал
сермер	маховик
тежеуіш	тормоз
өндіріс	производство
көрсеткіштер	показатели
маңызды	важный
беріліс қорабы	коробка передач
механикалық тежеуіш	механический тормоз
мойынтірек	подшипник
басқыш	педаль
іштен жанатын қозғалтқыш	двигатель внутреннего сгорания
доңғалақ	колесо
шоғырлағыш	аккумулятор



➤ Ереже

Автомобиль - өз қозғалтқышы арқылы қозғалып, жүк және жолаушылар тасуға арналған машина

Автомобиль тарихы

Орта ғасырларда жел күшімен немесе адамның бұлшық еті күшімен қозғалатын арба жасалды.

1752 жылы орыс механигі Л. Шамшуреков екі адамның күшімен қозғалатын жүгірме арба жасады. 1769- 70 жылдары француз өнертапқышы Ж.Кюнь, ал одан бірнеше жылдан кейін Англияда У.Мердок және Р.Тревитик бу автомобилін құрастырды. 1784- 91 жылдары орыс өнертапқышы И.П. Кулибин жасаған басқышты арбаларды осы күнгі автомобильдерге тән механиздердің (беріліс қорабы, сермер, механикалық тежеуіш, роликті мойынтірек, т.б.) біразы қолданылды. 19 ғасырда Англияда Г.Герн мен У.Ханкоктың, Францияда А.Болленің, А.де Дионның және Л.Серполеннің бу автомобильдері жолға шықты. Аталған ғасырдың аяғында шоғырлағыш батерияларынан қуат алатын автомобиль құрастырылды. 1879 жылы орыстың өнертапқышы О.С.Костович бензинмен жүретін карбюраторлы қозғалтқыш жасады. Жеңіл де ыңғайлы, жүрісі шапшаң және үнемді іштен жанатын қозғалтқыштың шығуымен автомобиль жасау ісі тез дами бастады. 1885 -87 жылдары неміс өнертапқыштары К.Бенц пен Г.Даймлер бірінші болып іштен жанатын қозғалтқышы бар автомобиль жасады. 1890 жылдары Францияда Паннар-Левассор және ДеДион – Бутон автомобильдері пайда болды. 1892 жылы АҚШ- та Генри Форд өзінің алғашқы автомобилін құрастырды, ал 1903 жылдан ол өндірісте шығарыла бастады. 1932 жылдан Кеңес Одағында ГАЗ –А автомобилін көптен шығару қолға алынды. М.Р.Бриллинг пен Е.О.Чудаков құрған автомобиль мектебі автомобиль жасауды жетілдіруде, оның пайдалану көрсеткіштерін жақсартуда маңызды рөл атқарды.

XX ғасырда Қазақстанда Сайрам арнайы автомобиль құрастыру зауыты, Петропавл қозғалтқыш, Павлодар трактор зауыттары және басқа мекемелер жұмыс істей бастады.

XXI ғасырдың басында Өскемен қаласындағы «Азия-авто» мекемесі «Нива» автомобилін шығара бастады. Жылдық өндірістік қуаты – 40 мың автомобиль.

Тапсырмалар

1. Хронологиялық таблицаның мына үлгі бойынша толтырыңыздар.

Жылдар.	Өнертапқыш.	Не жасады?

2. Мәтіннен етістіктер тауып, өткен шақта жіктеңіздер.

3.Сөйлемдерді қазақшаға аударыңыздар.

Давным-давно, когда еще не существовало дорог, скорость движения людей зависела от собственной скорости. Позже человечество начало приручать лошадей, ведь верхом можно было в десять раз быстрее добраться до места, чем идти пешком. Так, постепенно люди стали понимать, что такое движение, его скорость, как лучше и быстрее добраться до нужного места.

Германские инженеры Бенц и Даймер построили первый автомобиль с двигателем, работающим на бензине. В мире произошла промышленная революция. За это время было изобретено очень много машин, изменивших жизнь людей.

4. Сұхбатты әрі қарай жалғастырыңыздар.

- Қазіргі кезде техникалық прогресс өз дегеніне жетіп отыр ма?
-
- Дүние жүзінде жылына қанша млн. автомобиль шығарылады?
-
- Қазақстанның қай қаласында автомобиль шығарыла бастады?
-
-

5. Сөйлемдерді дұрыс құрастырыңыздар.

Сөйлемдерді құрастыр	дұрыс	
Автомобиль		Брилинг пен Чудаков жетілдірілді.
Шамшуреков		Кулибин қолданды.
Автомобиль мектебін		өз қозғалтқышы арқылы қозғалады.
Басқышты автомобильдерге механизмдерді	арбаға тән	жүгірме арба жасады.

Сөйлемдер	Дұрыс	Қате
1932 жылдан Кеңес одағында бу автомобилі қолданылды.		
Шамшуреков үш адамның күшімен қозғалатын арба жасады.		
19 ғасырдың 30-жылдарында шоғырлағыш батареяларынан қуат алатын автомобиль құрастырылды.		
Костович француз өнертапқышы..		

Тақырып: Автомобиль түрлері

жаңа сөздер – терминдер	новые слова – термины
арнаулы	специализированные
өндірістік	производственный
жеңіл автомобильдер	легковые автомобили
түрлері	виды
жолаушы	пассажир
қорап	кузов
қор	фонд
ілініс	сцепление
жарыс	спортивный
жүріс бөлімі	ходовая часть



Автомобиль пайдалану қызметіне қарай

Жолмен кісі немесе жүк тасуға арналған,
өздігінен қозғалатын машина автомобиль деп

➤ **Ереже:**

Автомобильдер пайдалану қызметіне қарай көлік, арнаулы және жарыс автомобильдері болып бөлінеді. Соның ішіндегі негізгісі – көлік автомобильдері. Олар жолаушылар және жүк тасуға арналған. Көлік автомобильдеріне жеңіл автомобильдері, автобустар және автопойыз құрамына кіретін арнаулы сүйреу мен тартқыштар да жатады.

Арнаулы автомобильдер тиісті жабдықтармен жабдықталып, өрт сөндіру үшін, көшеге су шашу үшін, жүк тиеу, жүк түсіру сияқты кейбір өндірістік жұмыстарды атқаруға пайдаланады.

Жарыс автомобильдері спорттық жарысқа қатыстырылады.

Автомобильдің барлық механизмдерін бес негізгі топқа бөлуге болады:

- Қозғалтқыш;
- Трансмиссия;
- Шасси;
- Қорап;
- Басқару.


Қозғалтқыш автомобильдің жүруі үшін қажет, механикалық энергияның қоры болу қызметін атқарады .

Автомобильдің трансмиссиясы беріліс механизмдерінен тұрады. Автомобильдің шассиі жүріс бөлімінен тұрады.

Автомобильдің беріліс механизміне кіретіндер: ілініс муфтасы, беріліс қорабы, басты беріліс және дифференциал

Тапсырмалар

1. Ассоциация жасаңыздар.



2. Екі бағанадан сөз тіркестерін құрастырыңыздар.

көлік	автомобиль
тасуға	сапалы
жөндеу	литражы

бір жеңіл жоғары өте құрамына түрлері класқа қозғалтқышының	көп шеберханасы түрі автомобильдері арналған бөлінеді бар кіретін
--	--

3. Бес жол өлең құрастырыңыздар.

Зат есім

Сын есім

Етістік

Сөйлем

Синоним

4. Мақал- мәтелдерді ажыратып, оқыңыздар.

Бейнетің қатты болсататқаның тәтті болады.

Бейнетсіз рақат жоқ.

Кімең бекетсесолтоқ.

Көзқорқақ қолбатыр.

5. Сұхбатты толықтырыңыздар.

Автодүкенде.

-Сәлеметсіз бе! Мен сіздің дүкеніңізден несиеге автомобиль алайын деп едім.

-

-Лада Приора жеңіл автомобилі.

-Беріліс қорабы автоматты. Қозғалтқыш литражы 3,5. (үш те бес).

-Тағы қандай ерекшеліктері бар?

-

-Бағасы қанша?

-

-Жарайды, рәсімдеңіз!

6. Мәтінді қазақшаға аударыңыздар.

Автомобиль – наиболее эффективное транспортное средство. Автомобильный транспорт выполняет основной объем перевозок грузов и пассажиров. Первый русский автомобиль с двигателем внутреннего сгорания был построен Е.А.Яковлевым и П. А. Фрезе в 1896 г. Промышленные предприятия и фирмы постоянно работают над совершенствованием конструкции автомобилей, повышением их эксплуатационных качеств, производительности, уменьшением расхода топлива и смазочных материалов.

7.Тест тапсырмалары

1. Автомобиль пайдалану қызметіне қарай неше түрге бөлінеді?

- А. бірнеше түрге
- Ә. алты түрге
- Б. екі түрге
- В. он түрге
- Г. көп түрге

2. Жарыс автомобильдері неге қатыстырылады?

- А. жүгіруге
- Ә. спорттық жарысқа
- Б. байқауға
- В. спорттық жүгіруге
- Г. секіруге

3. Жеңіл автомобильдер неге арналған?

- А. көмір тасуға
- Ә. жолаушылар тасуға
- Б. жүк тасуға
- В. құрылыс материалдар тасуға
- Г. сұйық заттар тасуға

4. Көлік сөзінің сөз тіркесі

- А. жуан
- Ә. жіңішке
- Б. қатаң
- В. үнді
- Г. ұяң

Тақырып:

Жеңіл автомобильдер. Автобустар.



жаңа сөздер – терминдер	новые слова – термины
шектелмейтін	неограничивающий
жүргізуші	водитель
кжыратылады	делятся
көлем	объем
орындық	место
салмақ	вес
жүріс жылдамдығы	скорость
айрықша	особенно
қалааралық	междугородний
кіші	малый
орташа	средний
сапа	качество

Жеңіл автомобиль түрлері

Жеңіл автомобиль екіден сегізге дейін жолаушылар (жүргізушінің өзін қосқанда) тасуға арналған.

Қозғалтқышының литражы мен салмағына қарай:

- айрықша кіші (1,2 және 850 кг)
- кіші (1,2 және 1,8 және 850- 1150 кг)
- орташа (1,8- 3,5 және 1150-1500 кг)

литражы мен массасы шектелмейтін жоғары сапалы 5 класқа бөлінеді.

Жеңіл автомобиль қорабының типіне қарай

- лимузин (қорабы жабық)
- кабриолет (қорабы жоғары жағынан матамен жабылған)
- фаэтон (қорабы ашық)

болып ажыратылады.

Тапсырмалар

1. Мәтін бойынша сұрақтар құрастырыңыздар.

2. Мәтіннен сан есімдерді тауып, сан есім түрлерін ажыратыңыздар.

3. Сөз тіркестерін құрастырыңыздар.

Жеңіл ..., айрықша ..., қорабының ..., қорабы ..., автобус ..., жүріс ..., қалалық ..., арнаулы ..., қалааралық ..., жоғары ..., орындығының

4. Мәтінді қазақшаға аударыңыздар.



Пассажи́рские автомоби́ли вместимостью́ свыше́ восьми́ человек относятся к автобусам.

Автобусы подразделяются по габаритным разделам (длине) на следующие классы:

- особо малый (до 5 м)
- малый (6-7,5 м)
- средний (8,5-10 м)
- большой (11-12 м)
- особо большой (16,5-24 м)

По назначению автобусы разделяются на городские (внутригородские и пригородные), местного сообщения (для сельских перевозок), междугородные и туристические.

По форме кузова автобусы разделяются на бескапотные – вагонного типа, капотные и короткокапотные.

5. Сөздердерді орнына қойып, мақал- мәтел құрастырыңыздар.

Ерінбей, еңбек, қылсаң, қарның, тіленбей, тояды.
Аз, аздың, өнбегі, еңбегі.
Еңбек, ер, дәулеті.

6. Сөйлемдерді дұрыс құрастырыңыздар.

Сөйлемдерді	дұрыс
-------------	-------

құрастыр	
Жолаушылар автокөлігі	кран, автожүктіегіш, қалдық жинайтын, су шашатын көлік
Жүк тасу көлігі	азық –түлік тасуға пайдаланады.
Фургон – рефрижераторлар	салмақты жүкті көтереді
Арнаулы автомобильдер	жеңіл автокөліктер және автобустар деп бөлінеді

Сөйлемдер	Дұрыс	Қате
Жүк автокөлігі 1 тоннадан артық жүк көтере алмайды		
Автомобильдер пайдалану қызметіне қарай көлік, арнаулы, жарыс автомобильдері болып бөлінеді.		
Арнаулы автомобильдер спорт жарысына арналған.		
Жарыс автомобильдері: күйме – рефрижератор, цистерналар.		

7. Анаграмманы шешіп, артық сөзді алып тастаңыздар.

Күж, өлк,ріксе, сатоп
 Рысжа, ліккө, апса, аат
 Ртө,үрт,іін,кіш
 Бара,уб, меррес, алба
 Уста,жеуөнд,маад,теніш

Тақырып: Жүк автомобильдері



жаңа сөздер – терминдер		новые слова – термины	
өте	жеңіл	очень	легкий
аударғыш		опрокидыватель	
өте ауыр	цемент	очень	тяжелый
тасығыштар		цемент возитель	
әмбебап	ашпалы-	универсальный	
жаппалы		открыто-закрытый	
сұйық және сусымалы заттар		жидкие и сыпучие материалы	

Жүк автомобиль түрлері

Жүк автомобильдерінің бірнеше түрлері бар. Олар:

- өте жеңіл жүк көтеретін (0,75 т-ға дейін)
- жеңіл (0,75-2,5т)
- орташа (2,5-5 т)
- ауыр (5-10 т)
- өте ауыр (10 т-дан жоғары).

Жүк автомобилі қорабының түріне қарай әмбебап және арнаулы болып бөлінеді. Әмбебап автомобильдің борты ашпалы-жаппалы ашық платформалы болып келеді.

Арнаулы жүк автомобильдеріне

- аудармалы ашық платформасы бар аударғыштар,
- қорабы жабық күймелер,
- сұйық және сусымалы заттар тасуға арналған автоцистерналар,
- цемент тасығыштар жатады.
-

Тапсырмалар

1. Мәтін бойынша сұрақ – жауап құрастырыңыздар.

2. Асты сызылған сөздердің жасалу жолдарын түсіндіріңіздер.

3. Сөз тіркесін тәуелдеп, сөйлем құраңыздар.
Жүк автомобилі.

4. Антонимдер тауып, сөйлем құраңыздар.

Жеңіл - ...	Биік - ...
Аз - ...	Түс - ...
Ашпалы - ...	Жұмсақ - ...
Арзан - ...	Толы - ...
Бар - ...	Оңай - ...

5. Мәтінді қазақшаға аударыңыздар.

Понятие «автомобиль» включает в себя легковой, грузовой и автобус. Несмотря на ряд принципиальных конструктивных различий, между ними имеется много общего: двигатель внутреннего сгорания, несущая система с подвеской и шинами, органы управления, тормозная система. Все механизмы, агрегаты и системы, входящие в автомобиль, условно можно разделить на пять основные части: двигатель, шасси, трансмиссия, управление и кузов.

6. Сұхбатты толықтырыңыздар.

Қосалқы бөлшектер дүкенінде.

- Қайырлы кеш!
- !
- Менің көлігіме жүріс бөлімінің мойынтірегі, тұғыры қажет.
- Мінекей алыңыз.
- Сізде қозғалтқыштың піспек сақинасы бар ма?
-
- Машинамның майы ағып жүр, тазалағыш та керек.
- Мінекей алыңыз.
- Иінтіректің бауы созылып кетті. Бау беріңізші.
-
- Стартердің жалғастырғышының мойынтірегі қажалып қалды.
-
- Қанша төлеуім керек.
-

- Ұмытып бара жатырмын.Тежеуіш механизмінің қалыбы қажалып қалыпты, қалып беріңізші.
- Келіп тұрыңыз.

Тақырып: Автомобиль туралы

1.Сөз тіркестерімен сөйлем құрастырыңыздар.

Автомобиль өнертапқышы, көлік автомобильдері, жеңіл автомобильдері, жүк автомобильдері, өте кіші, айрықша үлкен, көлік түрлері, арнайы автомобильдер.

2. Сөйлемдерді аударыңыздар.

Специальные автомобили выполняют преимущественно нетранспортные работы. К ним относятся пожарные автомобили, автолавки, автомобили с компрессорными, буровыми установками, автокраны, уборочные, автомобили скорой медицинской помощи.

Специализированные автомобили учитывают специфику груза (сыпучие, жидкие, крупногабаритные и т.д.) К ним относятся: самосвалы, фургоны, цистерны и т. п.

3.Сөйлемдерді аяқтаңыздар.

- Жүк автомобилі қорабының түріне
- Жеңіл автомобиль қорабының типіне
- Жарыс автомобильдері спорттық
- Автомобильдің барлық механизмдерін
- Автомобильдің трансмиссиясы
- Автомобильдің шассіі

4. Тест

- «Двигатель» сөзінің аудармасын тап.
 А қозғалатын Б қозғалмайтын С қозғалтпаған
 Д қозғалып жүретін Е қозғалтқыш
- Орта ғасырда қандай арба жасалынды?
 А қозғалмайтын Б қозғалтқыш С қозғалып жүрмейтін
 Д қозғалатын Е қосылатын
- Орыс механигі Л. Шамшуреков не жасады?
 А жүгірмейтін арба Б жүгірме арба С жүргізбейтін арба
 Д тез арба Е жай арба
- Ең алғашқы автомобильді құрастырған кім?
 А Г.Форд Б Л. Шамшуреков С О.Костович

- Д Д.Серполен Е Р.Тревитик
5. Бензинмен жүретін карбюраторлы қозғалтқышты жасаған кім?
 А Г.Форд Б Л. Шамшуреков С О.Костович
- Д Д.Серполен Е Р.Тревитик
6. Генр Форд кім?
 А әнші Б жұмысшы С жолаушы
 Д өнертапқыш Е жүргізуші
7. «Изобретатель» сөзінің аудармасын тап.
 А өнер Б өнерлі С өнерден
 Д өнертапқыш Е өнерсіз
8. Бірінші болып іштен жанатын қозғалтқышы бар автомобиль жасаған кім?
 А Мердок,Тревитик Б Герн, Ханкок С Боллен, Серполен
 Д Бриллинг, Чудаков Е Бенц, Даимлер
9. «Подшипник» сөзінің аудармасын тап.
 А мойынтірек Б тірек С мойын
 Д мойындамау Е мойымау
10. Автомобиль пайдалану қызметіне қарай ... түрге бөлінеді.
 А 5 Б 4 С 3
 Д 6 Е 2
11. Негізгі автомобильді ата.
 А арнаулы Б көлік С жарыс
 Д жеңіл автомобиль Е автобус
12. Арнаулы автомобильді тап.
 А жеңіл Б автобус С автопойыз
 Д өрт сөндіру Е көлік
13. Жеңіл автомобиль қанша адам тасиды?
 А 5-9 Б 4-3 С 7-5
 Д 2-5 Е 2-8
14. Жеңіл автомобиль қорабының типіне қарай ... бөлінеді.
 А 5 Б 4 С 3
 Д 2 Е 8
15. Жарыс автомобильдері неге арналған?
 А көше сыпыру Б өрт сөндіру С автокран
 Д жүк тиеу Е спортқа
16. Автобус кісі орындығына қарай ... түрге бөлінеді.
 А 5 Б 4 С 3
 Д 2 Е 8
17. Автобус жүріс жылдамдығына, атқаратын қызметіне байланысты ... түрге бөлінеді.
 А 5 Б 4 С 3
 Д 2 Е 8
18. Жүк автомобильдері ... түрге бөлінеді.
 А 5 Б 4 С 3
 Д 2 Е 8
19. Жүк автомобилі қорабының түріне қарай ... бөлінеді.
 А 5 Б 4 С 3

Д 2

Е 8

20. Ең алғашқы автомобиль мектебін ашқан кімдер?

- А Мердок, Тревитик Б Герн, Ханкок С Боллен, Серполен
Д Бриллинг, Чудаков Е Бенц, Даимлер

21. Жолаушы автомобилінің ... түрі бар.

- А 5 Б 4 С 3
Д 2 Е 8

22. Көлік автомобилі ..., ... тасуға арналған.

- А даңғыл Б адам, жүк С аула
Д көше Е орман

23. Әмбебап автомобилінің борты ... ашық платформалы болады.

- А ашпалы- жаппалы Б үлкен- кішкентай С аз- көп
Д кіші- орташа Е айрықша- кіші

24. «Пассажир»- сөзінің қазақша баламасын тап.

- А жүргізуші Б жаяу жүргінші С жүргінші
Д жолаушы Е егінші

25. Шоғырлағыш батареяларынан қуат алатын автомобиль қай ғасырда пайда болды?

- А XX Б XIX С XVIII
Д XVII Е XVI

Тақырып:

Автомобильдің құрылғысы

жаңа сөздер – терминдер	новые слова – термины
бөлік, бөлшек	часть
басқару	управление
қызмет атқарады	выполняет функцию
иінді білік	колленчатый вал
жетекші доңғалақ	ведущее колесо
аспалы жүйе	несущая система
белдік	мосты
аспалық	подвеска
ілініс	сцепление
беріліс қорабы	коробка передачи



Автомобиль – механизмдер мен жүйелер жиынынан тұратын күрделі машина.

Автомобильдердің басты механизмі

Автомобильдер үлкен-кішілігіне қарамастан негізгі бес механизмнен тұрады. Олар: қорап, қозғалтқыш, трансмиссия, басқару және шасси.

Қорап – тасымал жүкті орналастыру үшін қажеттілік қызметін атқарады. Жеңіл автомобиль мен автобуста қорап жолаушыларды және жүргізушіні орналастыру үшін қызмет атқарады. Жүк автомобильдерінің қорабы жүк тиейтін платформадан (жүктік қорап) және жүргізуші кабинасынан тұрады.



Қозғалтқыш – жанармай жанғандағы жылу энергиясын механикалық энергияға айналдырады. Осындай энергияны айналдыру қорытындысында қозғалтқыштың иінді білігін айналысқа келтіріп, механизмдер қатары арқылы айналу моментін автомобильдің жетекші доңғалақтарына жеткізіп отырады. Көпшілік автомобильдерде піспекті бензинді немесе дизельді қозғалтқыштар қолданылады. Көбіне қозғалтқыш автомобильдің алдыңғы жағына орналастырылады.



Шасси — мынандай бөлшек, механизм және жүйе топтарын біріктіреді: трансмиссия, аспалы жүйе , белдік, аспалық, дөңгелек, рульдік басқару және тежегіш жүйелері.



Трансмиссия — қозғалтқыштың білігінен жетекші дөңгелектерге айналдыру моментін жеткізеді және түрлендіреді. Трансмиссияға кіретіндер: ілініс, беріліс қорабы, кардан берілісі, басты беріліс, дифференциал және жартылай осьтер.



Автомобильдің басқару механизміне рульмен басқару және тежеу жүйелері кіреді.



Тапсырмалар

1. Сөз құрамына қарай талдаңыздар.

Сөздер	түбір	жұрнақ	көптік	септік
жүкті				
жолаушыларды				
автомобильдерінің				
механикалық				
қозғалтқыштарының				
дөңгелектерге				
жетекші				
бензинді				
бөліктерді				
біріктереді				
платформадан				

2. Сөздерді орындарына қойып, мақал-мәтел құрастырыңыздар.

Елге, симас, еңбексіз.
 Істеген, көп, істейді, құп
 Бейнет, зейнет, еңбек, емес, енді.

3. Сөйлемдерді қазақшаға аударып, тәуелдік жалғауларын табыңыздар.

Двигатель является источником механической энергии, необходимой для движения автомобиля. Наибольшее распространение получили двигатели внутреннего сгорания.

Шасси объединяет все агрегаты и механизмы автомобиля. Шасси состоит из трансмиссии, несущей системы и органов управления.

Кузов предназначен для размещения в нем полезного груза и людей.

4. Сұхбатты толықтырыңыз.

Автожуғышта.

-Қайырлы таң!

-

-Мен машинамы жуғызайын деп едім.

-

-Менің уақытым жоқ. Басқа автожуғыштың мекенжайын айтып жібересіз бе?

-.....

-Ол автожуғышта көліктің ішін де жуа ма?

-.....

-Қызметі қанша тұрады екен?

-.....

-Ақпаратыңызға рахмет, сау болыңыз!

-

5.Рефлексия.

Қазақстанда автомобиль ----- .

Автомобильдер негізінен ----- .

Трансмиссияға ----- .

Тақырып: Автомобильдердің эксплуатациялық сипатталары

жаңа сөздер – терминдер	новые слова – термины
көрсеткіш	показания
жылжитын машина	передвигающие машины
беріліс сандары	передаточные числа
сипаттамасы	описания
жүріс жылдамдығы	ходовая скорость
шығын	расход

Автомобильдің жабдықталуы

Автомобильдердің эксплуатациялық көрсеткіштері басқа жылжитын машиналарға қарағанда өзгеше болады. Себебі олардың атқаратын жұмыстары алуан түрлі. Мысалы трактор тек тарту күшін ғана туғызатын болса, автомобиль жүк пен жолаушыларды тасиды, жеңіл көлік немесе спорт үшін пайдалынады. Осы атқаратын жұмыстарының әртүрлігіне байланысты олардың эксплуатациялық көрсеткіштерін бір ғана динамикалық көрсеткішпен анықтау мүмкін емес.

Автомобильдердің барлық түрлеріне бірдей ортақ көрсеткішке олардың салмағының бір өлшеміне тиісті тарту күшін алуға болады, яғни олардың басқа эксплуатациялық көрсеткіштері осы меншікті тарту күшіне тәуелді өзгереді.

Қазіргі қолданылып жүрген автомобильдердің көпшілігі дерлік механикалық трансмиссиямен жабдықталған. Сондықтан олардың трансмиссиясының беріліс сандары екі тораптың беріліс сандарынан тұрады.

Автомобильдердің экономикалық сипаттамасы деп жүріс жылдамдығына байланысты жанармай шығынының өзгеру графигін айтамыз.

Тапсырмалар

1. Мәтін бойынша сұрақ-жауап құрастырыңыздар.
2. Асты сызылған сөздердің жасалу жолдарын түсіндіріңіздер.
3. Бес жол өлең құрастырыңыздар.

Зат есім
Сын есім
Етістік
Сөйлем
Синоним

4. Мәтіннен синоним болатын сөздерді табыңыздар.

5. Көп нүктенің орнына тиісті сөздерді қойыңыздар.

... – тасымал жүкті орналастыру үшін қажеттілік қызметін атқарады.

... – жанармай жанғандағы жылу энергиясын механикалық энергияға айналдырады.

... - мынандай бөлшек, механизм және жүйе топтарын біріктіреді: трансмиссия, аспалы жүйе (несущая система), белдік (мосты), аспалық (подвеска), дөңгелек, рульдік басқару және тежегіш жүйелері.

... - қозғалтқыштың білігінен жетекші дөңгелектерге айналдыру моментін жеткізеді және түрлендіреді. Трансмиссияға рульмен басқару және тежеу жүйелері кіреді.

6.«Шарада» - бірнеше бөлікке бөліп берген жасырын сөзді табыңыздар. Әр сөз өз алдына жұмбақ.

А)

1- ші бөлігі «адамның дене мүшесі»

2- ші бөлігі «адамға қолдау болу»

Б)

1-ші бөлігі «қозғалыста болу»

2-ші бөлігі «жұмыс жасау»

Тақырып:

Қозғалтқыштардың түрлері



жаңа сөздер – терминдер		новые слова – термины	
цилиндр	қалпақшасы	головка	цилиндра
итергі		толкатель	
клапан		клапан	
цилиндр блогі		блок цилиндра	
от алдыру	білтесі	свеча	зажигания
піспек		поршень	
бұлғақ		шатун	
піспек саусағы		поршневой палец	

қозғалтқыш қартері		картер	двигателя
сермер		маховик	
иінді білік		коленчатый	вал
су сорғысы		водяной насос	
таратқыш	білігі	распределительный	вал
желдеткіш		вентелятор	
иінді біліктің	түпкі	коренной	подшипник
мойынтірегі		коленчатого вала	

Қозғалтқыштың қызметі

➤ *Ереже*

Автомобильдерге орнатылатын қозғалтқыштардың негізгі түрі – іштен жанатын

Электр автомобиль шоғырлағыш батериясымен жұмыс істейтін қозғалтқышпен жабдыкталады. Мұндай автомобильдер қалада жеңіл және шағын көлемді жүк тасуға қолданылады.

Жағатын жанармайының түріне қарай автомобиль карбюраторлы, газ баллонды, газ генераторлы және дизельді болып бөлінеді.

Автомобильдер негізінен карбюраторлы келеді, ауыр жүк таситын автомобильдерге орташа және көп орынды автобустарға дизельді қозғалтқыш орнатылды. Кейбір жүк автомобильдері газ баллоны және газ генераторымен жүреді.

Тапсырмалар

1. Мәтін бойынша сұрақ-жауап құрастырыңыздар.

2. Сөз тіркестерін құрастырыңыздар.

От, қозғалтқыш, піспек, су, таратқыш, цилиндр, иінді, жұмыс, жүк, дизель

3. Сөздерді орына қойып, сөйлем құрастырыңыздар.

Шықты, машинаның, істен, бәсеңдеткіші.

Керек, сенің, болуы, машинаңның, қосалқы, бөлімінде, жүк, доңғалақ.

Тазалығына, жүруі, машинаның, жанармайдың, байланысты, жақсы.

4. Мәтіннен сын есімдерді тауып, кестені толтырыңыздар

негізгі	туынды	дара	күрделі	сапалық	қатыстық

5.Мақал-мәтелді ажыратып оқыңыздар.

Еңбектіңкөзінтапқанбайлықтыңөзінтабады.

Ерінбесеңбегіңөнеді.

Еңбексізөмірсөнгенкөмір.

6.Сөз тіркестерін аударып, сөйлемдер құрастырыңыздар.

Бұл сөз тіркестері автомобильдің қай конструкциясына қатысты.


По способу смесеобразования, по способу выполнения рабочего цикла, по числу цилиндра, по расположению цилиндров, по способу охлаждения, по виду применяемого топлива.

7.Сөзден кәсіби сөз жасаңыздар.

Таратқыштарынсыз

Тақырып: Автомобильді рульмен басқару механизмі

<p>руль механизмі руль білігі рульдік бағана бәсеңдеткіш белдік серіппегіш көлденең рульдік тартқы айналмалы саусақ бойлық рульдік тартқы рульдік сошка оң жақтағы цапфа көлденең иінтірек</p>	<p>рулевой механизм рулевой вал рулевая колонка амортизатор рама рессор поперечная рулевая тяга шаровый палец продольная рулевая тяга рулевая сошка правая цапфа поперечный рычаг</p>
--	---



ВАЗ-2107 рульдік механизмі

1 - рульдік механизм қартері. 2 – қорапқа бекіту болты. 3 – реттеу шайбасы. 4 – жалпақ шайба. 5 – гайка. 6 – серіппелі шайба. 7 – червяк білігіне рульдік механизм білігінің ұшына бекіту бұрандасы. 8 – білік нығыздағышы. 9 – резиналы нығыздағышты қорапқа бекіту бұрандасы. 10 – рульдік механизм білігі. 11 – рульдік механизм білігінің кронштейн бекіту бұрандасы. 12 – рульдік механизм білігінің кронштейні. 13 – руль дөңгелегі. 14 – руль дөңгелегін бекіту гайкасы

Руль механизмінің жұмыс жүйесі

Рульдік басқару автомобильдің жұмыс істеу қауіпсіздігін қамтамасыз етуі қажет. Басқарудағы мардымсыз қиыншылықтарының өзі апат жасаудың себебі болуы мүмкін. Егер рульдік басқаруға үлкен күш жұмсалатын жағдайда жүргізуші тез шаршайды, ал жол қозғалысы және жоғарғы жылдамдықпен жүргенде соқтығысып немесе біреуді мерт қылу қаупі туады.

Рульдік механизмді реттеу керек. Гидроқұшейткіштің ақауы байқалса, оны да жөндеу қажет.

Рульдік басқарудың бекіту бөлшектерінің босағандарын қысып, жоғалған немесе сынған шплинттерін, сондай – ақ рульдік басқарудың тозған бөлшектерін жаңасымен ауыстырады.

Тапсырмалар

1. Мәтін бойынша сұрақ - жауап құрастырып, сын есімдерді тауып, түрлерін ажыратыңыздар..

2. Сөйлемдерді аударыңыздар.

Рулевое управление обеспечивает движение автомобиля по заданному направлению. Рулевое управление состоит из рулевого механизма и рулевого привода. Для облегчения управления автомобилем в рулевой привод может входить усилитель. Детали механизма рулевого управления изготавливаются с большой точностью и подвергаются термообработке.

3. Мақал-мәтелдерді ажыратып оқыңыздар.

Кіменбекетсесолтоқ,
 Күшіңесенбеісіңесен.
 Темірдіқызғанкездесоқ.

4. Мәтіннен зат есімдер тауып, кестені толығыңыздар.

жалпы	жалқы	деректі	дерексіз	негізгі	туынды	дара	күрделі

5. Сұхбатты толықтырыңыздар.

- Кешіріңіз дүкені қайда бар екен?
-
- Ол қалай жетуге болады?
-
- Сіз білмейсіз бе онда бар ма екен?
- Мен жақында болғанда бар болатын.
- Рахмет,

6. Анаграммаларды шешіп, артық сөзді алып тастаңыздар.


1. паас
 лоқ
 некәй
 лікбі
2. рікбе
 үлг
 ісәд
 лыпқа
3. санны
 шемөл
 өзк
 шінпі
4. ғалтқозқыш
 қышерөнтап
 дықжылдам
 лімғамұ
5. дарауғыш
 дарледите
 дықжаблута
 раттақыш

Тақырып: Беріліс қорабы

Жаңа сөздер - терминдер	Новые слова - термины
жалғастырғыш басқышы	педадь муфты
сермер	маховик
жетектегі фрикционды дискі	ведомый фрикционный диск
қысқыш иінтірегі	выжимной рычаг
беріліс қорабының бірінші білігі	первичный вал коробки передач
қысқыш мойынтірегі	выжимной подшипник
жылжымалы тістегеріш	подвижные шестерни
тістегерішті жылжитқыш аша	вилки двигающей шестерни
ауыстырып қосқыш иінтірегі	рычаг переключения передачи
беріліс қорабының екінші білігі	вторичный вал коробки передачи
аралық білік	промежуточный вал
аралық біліктегі тістегеріштер блогі	блок шестерни промежуточного вала
жалғастырғышты ажыратқыш аша	раздирочная вилка муфты
жалғастырғыш серіппесі	пружины муфты
жетекші диск	ведущий диск
сатылы	ступенчатый
құрама	составные
ілгек	фиксатор

Беріліс қорабының түрлері

Автомобильдің беріліс қорабы жетекші дөңгелектерінің тартымдылық күшін, беріліс санын, қозғалтқыштың трансмиссиядан ұзақ уақытқа ажыратуға арналған.



Беріліс қорабы сатылы, сатысыз, механикалық, гидравликалық, электрлік, автоматты және құрама болып бөлінеді. Сатылы механикалық беріліс қорабы алға жүру сатыларының санына байланысты төрт сатылы, бес сатылы және т.с.с. болып бөлінеді.

Беріліс саны көп болған сайын қозғалтқыш қуатын жақсы пайдаланады және жанармай үнемділігі жоғары болады.

Сатылы беріліс қорабының механизмдерінде қосымша қондырғылар қарастырылған: 1) фиксатор - бұл өздігінен шығып немесе автомобильдің қозғалыс барысында қосылып қалуын болдырмайды; 2) артқа жүру берілісінің қосылуын қиындату қондырғысы — алға автомобиль жүріп бара жатқанда байқаусыз қосып алуды болдырмау; 3) бөгеуіш қондырғы (кілт) - бір мезгілде екі берілістің қосылып кетуін болдырмау.

Сатысыз беріліс қорабын қолдану кез- келген беріліс санын алуға мүмкіндік береді. Сатысыз беріліс қорабы механикалық (екпіндік, фрикционды, т.с.с.), гидравликалық (гидродинамикалық, гидрокөлемдік), электрлік және құрама болып бөлінеді.

Тапсырмалар

1. Сұрақтарға жауап беріңіздер.

- Автомобильдің беріліс қорабы неге арналған?
- Беріліс қорабы қандай түрлерге бөлінеді?
- Сатылы механикалық беріліс қорабы жүру сатыларының санына байланысты неше түрге бөлінеді?
- Сатылы беріліс қорабының механизмдеріндегі қосымша қондырғыларын ата?
- Сатысыз беріліс қорабы қандай түрлерге бөлінеді?

2. Кәсіби сөздерді аударып, сөйлем құрастырыңыздар.

Картер, коробка, состоит.

Ведущий, мост, автомобиль.

Передача, срок, коробка.

Шум, коробка, масла.

3. Шағын мәтінді қазақшаға аударыңыздар.

В процессе эксплуатации автомобиля детали, особенно шестерни и детали механизма переключения, интенсивно изнашиваются. Вследствие этого могут возникнуть такие неисправности, как самопроизвольное выключение передач, затрудненное включение и выключение, повышенный шум при движении автомобиля. Неисправность устраняют заменой деталей.

4. Шарада.

Бірнеше бөлікке бөлінген жасырын сөзді табыңыздар. Әр сөз өз алдына жұмбақ.

1-інші бөлігі «Затты өзіне қарай сүйреу, жылжыту»

2-інші бөлігі «Күйдірілген кірпіш»

1-інші бөлігі «Мықты, бекем, мығым»

2-інші бөлігі «Тура, түп-түзу»

5. Мәтіннен етістіктер тауып, бұйрық райда жіктеңіздер.

6. Сұхбатты толықтырыңыздар.

- Сәлеметсіз бе?

- !
- Бұл
- Иә, бұл
- Менің машинамың қалып еді, бересіз бе?
-
- Рахмет, қашан келіп алып кетейін?
-
-
-
-
-

Тақырып:

Тежеу жүйесі


Жартылай ось	полуось
Дифференциал табағы	чашка дифференциала
Жартылай осьтегі тістегеріш	шестерня полуоси
Гидрожетек құбыры	гидроприводная труба
Серіктер табағы	шайба сателлита
Серік	сателлит
Басты берілістің жетектегі тістегеріші	ведомая шестерня главной передачи
Басты берілістің жетекші тістегеріші	ведущая шестерня главной передачи
Кардан топсасы	карданный шарнир
Кардан білігі	карданный вал
Серіппегіш	рессор
Тежеуіш механизмінің тірек дискісі	упорный диск тормозного механизма
Тежеуіш цилиндрі	тормозной цилиндр
Доңғалақ дискісін бекіткіш болт	болт диска колеса
Күпшегі доңғалағы	ступица колеса
Тежеуіш барабаны	тормозной барабан
Тежеуіш қалыбы	тормозная колодка

1 – алдыңғы тежеудің кожухы. 2, 18 – алдыңғы тежеу суппортының екі цилиндр біріктіретін тетіктері. 3 – суппорт.

4-гидрожетек ыдысы.

5 – стоп–сигнал ажыратқышы.6 – тұрақ тежеу иінтірегі. 7 – артқы тежеудің оң жағын реттегіші 8 – артқы тежеу гидрожетегінің ағызу штуцері.9 – қысымды реттегіш.10 – стоп – сигнал 11–артқы тежеудің цилиндрі 12 –қапсырма жетегінің қол иінтірегі.13-артқы тежеудің сол жақ реттегіші.

14 – тежеу қапсырмасы.15 – артқы темір арқанды бағыттаушы.16 – бағыттаушы ролик.17 – тежеу басқышы. 19 – алдыңғы тежеу гидрожетегінің ағызу штуцері.20– тежеу дөңгелегі. 21 – бас цилиндр.



Тежеу механизмінің түрлері

Автомобильді тежеуге тежеу механизмдерімен қатар қозғалтқышпен тежеуді, аэродинамикалық тежеуді пайдаланады.

Қозғалтқышпен тежеуді автомобиль ылдимен төмен түсіп келе жатқанда қолданады.

Бұны қозғалтқыштың айналу жылдамдығын азайту арқылы жүзеге асырады.

Аэродинамикалық тежеуді (парашют, арнайы қалақша, т.б.) спорттық автомобильдерде жарыс кезінде өте жоғары жылдамдықты азайту үшін қолданады.

Бұл құрылғыларды іске қосқанда автомобильдің ауа кедергісі ұлғайып, жылдамдығы азаяды.

Автомобильдерде өте көп тараған тежеуіш түрі — механикалық тежеуіштер. Оларды фрикционды тежеуіш механизмдер деп атайды. Фрикционды тежеуіш механизмдер дискілі және барабанды болып бөлінеді.

Барабанды тежеу механизмінде тежеу барабаны білікпен (дөңгелекпен) жалғасқан, айналып тұрады, тежеуіш басқышпен (иінтірекпен) жалғасқан жұдырықша бұрылған кезде айналмайтын қалыптар барабанмен үйкеліске түсіп, оны тежейді. Барабанды тежеу механизмдері жүк автомобильдерінің дөңгелектері мен трансмиссияларында, ал кіші және орта класты жеңіл автомобильдердің артқы дөңгелектерінде қолданылады.

Тапсырмалар

1. Буындардан сөз құрастырыңыздар.

Же, тор, те, у, мо, іш, біл, рек, ік, ті, топ, рік, са, се, қа, құ, лып, быр.

2. Асты сызылған сөздердің жасалу жолдарын түсіндіріңіздер.
3. Мәтіннен етістіктер тауып, қалау райда жіктеніңіздер.
4. Сөз тіркестерімен сөйлем құрастырыңыздар.

Тежеуіш барабаны, тежеуіш қалыбы, тежеуіш механизмі, тежеуіш цилиндрі.

5. Сөйлемді толықтырыңыздар.

Тежеуді ... қолданады.

Тежеуді қолданады.

Тежеуді қолданады.

Тежеуді қолданады.

Тежеуді қолданады.

6. Сөйлемдерді аударыңыздар.

Тормозная система предназначена для снижения скорости движения и полной остановки автомобиля, а также для удержания на месте неподвижно стоящего автомобиля. Тормозные силы необходимы и для удержания автомобиля на месте. Тормозная сила создается путем торможения колеса специальным, обычно фрикционным, устройством – тормозным механизмом.

7. Сұхбатты оқыңыздар.

- Сәлеметсіз бе!

- Сәлеметсіз бе?

- Менің автомобилімнің тежеуіші дұрыс жұмыс істемейді.

-Сіздің автомобиліңіздің тежеуіш механизмі тозған, кейбір бөлшектерін ауыстыру керек

-Сізде жаңа тежеуішке қосалқы бөлшектер бар ма?

-Жоқ, сіз өзіңіз сатып алып келесіз.

-Иә, мен тежеуішке қажетті бөлшектерді сатып алып келемін.

Менің көлігімнің қозғалтқышынан қатты шу шығып жүр, себебін тауып бересіз бе?

-Біздің техникалық қызмет көрсету станциясында диагностикалау қызметі де бар. Қаласаңыз өткізіп берейік.

-Диагностикадан өткізу қызметі қанша тұрады?

-Тежеуішті жөндеу 1500 теңге, ал диагностика 700 теңге.

-Жарайды мен көлігімді станцияға кіргізейін.

Тақырып: Автомобиль құрылғысына жалпы сипаттама беру

1. Буындардан сөз құрастырыңыздар.

Же, тор, те, у, мо, іш, біл, рек, ік, ті, топ, рік, са, се, қа, құ, лып, быр.

2. Сөз тіркестерімен сөйлем құрастырыңыздар.

Тежеуіш барабаны, тежеуіш қалыбы, тежеуіш механизмі, тежеуіш цилиндры.

3. Сөйлемдерді толықтырыңыздар.

Тежеуішті ... қолданады.

Тежеуішті қолданады.

Тежеуішті қолданады.

Тежеуішті қолданады.

Тежеуішті қолданады.

4. Сөйлемдерді аяқтаңыздар.

Басты берілістің жетектегі тістегеріші ----- .

Тежеуіш механизмінің тірек дискісі ----- .

Автомобильдерде өте көп тараған ----- .

5. Мәтінді аударыңыздар.

Автомобили для буксирования прицепов и полуприцепов называются автомобилями-тягачами.

Автомобиль-тягач или стандартный грузовой автомобиль вместе с одним или несколькими прицепами образуют автопоезд.

По приспособленности к дорожным условиям различают автомобили обычной и повышенной проходимости.

Автомобили по общему числу колес и ведущих колес условно обозначают формулой, где первая цифра- число колес автомобиля, вторая- число ведущих колес.

6. Сұхбатты толықтырыңыздар.

- Сәлеметсіз бе?
- !
- Бұл техникалық қызмет көрсету станциясы ма?
-
- Менің машинамның сынып қалапты, ауыстырып беріңізші.
-
- Сіздердің толық мекенжайларыңызды айтып жіберсеңіз жақсы болар еді.
-
- Күтіңіздер,
-

7. Кестедегі әріптерден кәсіби сөздер тауып, сөйлемдер құрастырыңыздар.

ш	і	п	п	ө
і	г	е	і	к
ү	с	е	р	м
й	р	б	у	е
у	е	ь	л	р

Тақырып: Кіріспе Автомобиль құрылғысы



1. Сұрақтарға жауап беріңіздер.

- Автомобиль пайдалану қызметіне қарай қандай түрлерге бөлінеді?
- Автомобиль жолдарына байланысты қандай құжаттар қабылданды?
- Жеңіл автомобиль қанша адам тасиды?
- Автобустар жүріс жылдамдығына, жабдықталуына, атқаратын қызметіне т.б. қарай қандай түрлерге бөлінеді?
- Жүк автомобильдерінің түрлерін ата.

2.Сөз тіркестерін құрастырып, орысшаға аударыңыздар.

Автомобиль ...,қозғалтқыш ..., беріліс ..., піспек ..., механикалық ..., тежеуіш ..., таратқыш ..., рульдік ..., иінді ..., аралық ..., артқы ..., алдыңғы ..., көлденең ..., бойлық ... роликті ... , жартылай ... , серіктер ... , қысқыш

3.Сөз тіркестерін қазақшаға аударып, қазақ тіліне тән дыбыстарды табыңыздар.

Педадь муфты, выжимной рычаг , ведущии диск полуось , тормозной цилиндр, ступица колеса , тормозной барабан, тормозная колодка , головка цилиндра, свеча зажигания, поршневой палец, маховик, воздушный фильтр, коленчатый вал, водянной насос, специальные автомобили, особо малый, пожарные автомобили, автомобилями-тягачами, первая цифра, число колес, сверх особо большой, основные части, высокая надежность, повышенный уровень шума.

4.Сөйлемдер құрастырыңыздар.

Жеңіл автомобиль, қозғалтқыш түрлері, жүріс бөлімі,автомобильдің басқару механизмі, автомобиль мектебі, тежеу механизмі.

5.Сөйлемдерді толықтырыңыздар.

Л. Шамшуреков ... жасады.

Л. Шамшуреков ... жасады.

Л. Шамшуреков ... жасады.

Л. Шамшуреков ... жасады.

Л. Шамшуреков ... жасады.

6.Сөзден кәсіби сөз жасаңыздар.

Тұтандырғышқа

7.Мақалдарды ажыратып оқып мағынасын түсіндіріңдер.

Бейнетсізрақатжоқ.

Көзқорқаққолбатыр

Жұмыстыңжаманыжоқ.

Еңбекадамныңекіншіанасы.

Бақыткілтіеңбекте.

Еңбектіңнанытәттіжалқаудыңжанытәтті.

жаңа сөздер – терминдер	новые слова - термины
қозғалыс	движения
ғимараттар	здания
шаруашылық	хозяйственный
жылдамдық	скорость
мемлекеттік	государственный
санат	категория
көпір	мост
өткел	переправа
жергілікті	местный



➤ *Ереже:*


Жол - көлік құралының қозғалысына арналып жасалған немесе икемделген және пайдаланатын

Автомобиль жолының қызметі

Автомобиль жолы - автомобиль көлігінің жүруіне арнап салынған жол. Автомобиль қозғалысының жиілігіне байланысты болатын техникалық топтастыруға сәйкес автомобиль жолы 5 санатқа бөлінеді. (I- санатты автомобиль жолында жылдамдық сағатына 60 км). Автомобиль жолы бойында жол белгілері, қызмет көрсету ғимараттары (автовокзал, май құю станциялары, мотельдер және басқалары) болады. Біздің елімізде автомобиль жолының жалпы мемлекеттік, республикалық, облыстық, жергілікті, шаруашылық түрлері бар. Қазақстанда табиғи ресурстар мен ірі экономикалық орталықтар бір- бірінен алшақ болғандықтан жүк көп тасылады, яғни жол-көлік кешененің жұмысына басқа елдерге қарағанда көбірек тәуелді. Елімізде пайдаланатын автомобиль жолдарының ұзындығы 87, 337 мың км, соның 17, 67 мың км республикалық маңызы бар жолдар (93% -на асфальт төселген), 69, 667 мың км жергілікті жолдар (57 % -на асфальт төселген). Үш мыңнан астам көпірлер мен жол өткелдері бар.

Тапсырмалар

1. «Жол» сөзіне ой шақыру.



2. Сөздерді және сөз тіркестерін аударып, екі сөйлем құрастырыңыздар.

Ширина дороги, обочина дорог, длинна дорог, верхняя часть дороги, на автомобильных дорогах, станция технического обслуживания, гостиницы, кафе, местные дороги, мосты, дорожные переправы.

3. Сөйлемдерді қазақшаға аударыңыздар.

Каждый год в мире строятся автомобильные дороги, выпускается большое количество автобусов, автомобилей. Высокие скорости и огромное движение требует от пешеходов и водителей большого внимания и четкости. Цена ошибки – потерянное здоровье и даже жизнь. Если вы увидите маленьких детей, играющих на дороге, объясните им, что там играть нельзя. Если встретите бабушку и дедушку, переходящих дорогу с тяжелой сумкой, обязательно помогите им.

4. Мына сұхбатты әрі қарай жалғастырыңыздар.

- Сәлеметсіз бе?
- Қайырлы таң!
- Кешіріңіз, Қостанай автомобиль жолын көрсетіп жіберіңізші?
-
-
-
-
-

5. Мақал- мәтелдерді ажыратып оқып, мағынасын түсіндіріңіздер.

Еңбектіңнанытәттіжалқаудыңжанытәтті.
 Ердіңатынеңбекшығарар.
 Бейнетіңқаттыболсататқаныңтәттіболады.

6. Мәтіннен етістіктер тауып, көсемше жұрнақтарын жалғап, 2-3 сөйлем құрастырыңыздар.

7. Тест сұрақтарына жауап беріңіздер.

1. Автомобиль жолы неше санатқа бөлінеді?

А. бір

- Ә. алты
Б. он екі
В. бес
Г. үш
2. Автомобиль жолы бойында нелер орналасқан?
А. жолаушылар
Ә. адамдар
Б. автовокзал
В. жаяу жүргіншілер
Г. балалар
3. Мемлекеттік сөзінің аудармасы.
А. государство
Ә. государственный
Б. служебный
В. областной
Г. местный
4. Автомобиль жолдарының ұзындығы қанша?
А. 17, 67 мың
Ә. 69, 667 мың
Б. 87, 337 мың
В. 20, 555 мың
Г. 19, 328 мың
5. Неше мыңнан астам көпірлер мен жол өткелдері бар?
А. алты
Ә. он
Б. бір
В. үш
Г. бес
6. Үйренушінің жасы автомобильге кем болмауы тиіс.
А. 12-ден
Ә. 13-тен
Б. 14-тен
В. 15-тен
Г. 16-дан
7. Үйренушінің жасы мотоциклге кем болмауы тиіс.
А. 12-ден
Ә. 13-тен
Б. 14-тен
В. 15-тен
Г. 16-дан
8. Үйренуші Ереженің талаптарын ... міндетті..
А. орындамауға
Ә. бұзуға
Б. орындауға
В. сөйлетуге
Г. қамқорға алуға

Тақырып: Автомобиль жолдарының қолға алынған шаралары

жаңа сөздер – терминдер	новые слова – термины
сала	отрасль
негізгі	основной
саясат	политика
құрылым	строение
құжат	документ
заң	закон
бағдарлама	программа
тұжырым	заклучение
ереже	положение
қайта қаралуда	пересматривается
транзиттік саясат	транзитная политика
талабына	требованияи
ұзарады	длится
жол белгілері	дорожные знаки

Жол құжаттары

Қай сала болмасын негізгі іргетасы қаланбаса, оның әрі қарай іс болып шығуы мүмкін емес.

1998- 2000 жылдар арасында салаға қатысты үш құжат қабылданды. Олар: «Автомобиль жолдары туралы заң», «Автомобиль жолдарын салудың 2000- 2005 жылдарға арналған бағдарламасы» және « Жол құрылысының тұжырымдамасы».

Қазіргі таңда министрліктің жаңа басшылығы 2006 - 2010 жылдарға арналған бағдарламаны қайта жасауда. Бізге қандай жол, қандай транзиттік саясат қажет, жол параметрлері қандай болуы керек, жұмсалатын шығын қанша және оның қайырымы қандай болмақ, міне, осылардың бәрі құжатта ескеріледі.

Елімізде құрылыс нормалары мен ережелері деген арнайы құжат бар. Бұл құжатта қайта қаралуда, себебі құжаттың нормалары уақыттың қазіргі талабына сай келмейді.

Жаңадан салынған жолдың қызмет ету мерзімі 10-15 жылға дейін ұзарады әрі транзиттік саясатқа қолайлы әсер етеді.

Тапсырмалар

1. Мәтіннен етістіктер тауып, келер шақта жіктеңіздер.
2. Сөйлемдерді қазақшаға аударыңыздар.

«Мы – за безопасное движение на дорогах!» - такой лозунг выдвинули в 2012 учебном году. Это тема актуальна в наше время. Безопасные дороги – необходимое условие развития любой страны. По прогнозам Всемирной организации здравоохранения, к 2020 году смерть и травматизм на дорогах в результате ДТП станет третьей причиной смерти и заболеваний, опередив инсульт, туберкулез, военные потери.

3. Анаграмманы шешіп артық сөзді алып тастаңыздар.

алса	жатқұ	рықұлыс	шыбаслық	лақжо	ғақбұл
луса	меткыз	ғыншы	дармабағла	ғысор	пекпіс
аңз	сатсая	лапта	ніе	дікбел	гітери
таа	кеә	ешеш	іін	оный	үнк

4. Мақал-мәтелдерді орындарына қойып, сөйлем құрастырыңыздар.

Екі, еріншектің, ісі.

Жаманы, жоқ, жұмыстың.

Өнеді, ерінбесең, еңбегің.

Екінші, адамның, анасы, еңбек.

5. Сөз тіркестерін аударып, шағын мәтін құрастырыңыздар.

Нарушение правил, автоинспекция, водитель, правила дорожного движения, протокол, штраф, замечание, превышение скорости.

6. Тест тапсырмалары

1. Қай жылдар арасында салаға қатысты үш құжат қабылданды?

А. 2000- 2005

Ә. 2006-2010

Б. 1986-1987

В. 1998- 2000

Г. 2000-2030

2. «Автомобиль жолдары туралы заң» аудармасын тап.

А. Закон об автомобилях

Ә. Закон об автомобильных дорогах

Б. Закон о дорогах

В. Закон о развитии дорог

Г. Закон о строительстве дорог

3. Қазіргі таңда министірліктің жаңа басшылығы бойынша не қайта жасалуда?

А. құжат

Ә. жоспар

Б. бағдарлама

В. заң

Г. саясат

4.Елімізде қандай арнайы құжат бар?

- А. құрылыс нормалары мен ережелері
- Ә. хаттама
- Б.сенімхат
- В.ережелер нормалары
- Г.параметрлер

5.Жаңадан салынған жолдың қызмет ету мерзімі неше жылға дейін ұзарады?

- А.15-10
- Ә.10-15
- Б. 5-6
- В.10-17
- Г.10 -12

7.Жұмбақтардың жауабын табыңыздар.

Бір керуен жүреді екен қатар түйе,
Аузынан жалын шығар қара күйе.
Жүрмейді ұрсадағы басқалары,
Бәріне жалғыз бура, болған ие.
(....)

Қара атан тынбай жүріп ақырады,
Артынан ертіп алып 4-5 жанды.
Қыртысын қара жердің қақ айырар,
Күшті де көріп пе едің мұндайларды?
(....)

Тақырып: Жол белгілері

жаңа сөздер – терминдер	новые слова - термины
жаңа ережелері	новые правила
қабылданған	принят
ескерту белгілері	предупреждающие знаки
басымдылық белгілері	знаки приоритета
тыйым салу белгілері	запрещающие знаки
алдын –ала жазылатын белгілері	предписывающие знаки
ақпараттық –көрсеткіштер	информационно –

белгілері сервис белгілері қосымша- ақпараттық белгілер қашықтық жаяу жүргінші қауіптілік қауіпсіздік реттеушілер жол-көлік оқиғалары	указательные знаки знаки сервиса знаки дополнительно- информационные расстояние пешеход опасность безопасность регулировщики ДТП
--	---



Жол белгілері туралы

➤ **Ереже:**

Жол белгілері – көлік қозғалысын реттеу және көлік жүргізуші мен жаяу жүргіншіге маңайдағы жол жағдайы жөнінде ақпарат беру мақсатында көше мен жол бойына қойылатын арнайы белгілері

1998 жылға дейін Қазақстанда 1987 жылы КСРО – да қабылданған жол қозғалысы ережелері қолданылды. 1998 жылдан Республикада жол қозғалысының жаңа ережелері қабылданған. Осы ережелерге сай жол белгілері Мемлекеттік стандарттар бойынша анықталады. Бұл стандарттар бойынша жол белгілері жеті топқа бөлінеді:

- | | |
|---|--|
| 1.Ескерту белгілері | 2.Басымдылық белгілері |
| 3.Тыйым салу белгілері | 4. Алдын –ала жазылатын белгілері |
| 5. Ақпараттық –көрсеткіш белгілері | 6.Сервис белгілері |
| 7. Қосымша- ақпараттық белгілер | |

Жол белгілері жолдың оң жағына биіктеу бағанаға орналастырылады. Олар 100 м қашықтықтан анық көрінетіндей болып жарықтандырылады. Жол белгілері мемлекеттік автомобиль инспекциясының келісімімен орнатылады.

Тапсырмалар

1. Мәтін бойынша сұрақ-жауап құрастырыңыздар.
2. Сөйлемдерді аударыңыздар.

Дорожные знаки ставятся на дорогах и улицах. Дорожные знаки обеспечивают безопасность движения. Они регулируют движение. Предупреждают об опасности. Предотвращают дорожно-транспортные происшествия.

Чтобы обеспечить свою безопасность на дорогах и улицах, человеку необходимо знать ПДД. Но не только знать, важно еще и соблюдать.

3. Сөздерді сөз құрамына талдаңыздар.

Сөздер	түбір	жұрнақ	жалғау
Қабылданған			
Қозғалысының			
Белгілері			
Орналастырылған			
Жарықтандырылады			
Жағына			
Биіктеу			

4. Жолдағы кездесетін жағдаяттар.

- Жолдың тар бөлігінде сіз жеңіл машинаны жүргізіп келесіз. Сізге қарсы жанында тіркемесі жоқ мотоцикл қозғалып келеді. Қандай жол белгілеріне бағынасыз?

- Сіз өз үйіңізге жақындаған кезде аулаға кіре берісте орнатылған «кіруге тыйым салынады» белгісін көрдіңіз. Не істер едіңіз?

- Қыс кезінде жол жолағы қармен жабылып, бір бағыттағы жолақ санын анықтау мүмкін болмаса, жүргізуші жолақ санын қалай анықтайды?

5. Жұмбақтарды шешіңіздер.

Адамзаттың баласы,
 Менсіз кәсіп қылмас та,
 Басымды мен көтерсем,
 Аспан көкке жетермін.

Ұзын терек саясы жоқ.
 (.....)

(.....)

6. Сұхбатты толықтырыңыздар.

МАИ қызметкерімен сұхбат.

- Аға лейтенант - Жансүгіров Бағдат.
-
- Міне жүргізуші куәлігі, сенімхат, 2012 жылы мемлекеттік техникалық байқаудан өткендігі туралы құжат және сақтандыру құжаты.
-

- Не себепті тоқтаттыңыз?
-
- Жоқ байқамадым.
- Біріншіден,
- Дұрыс айтасыз. Асығып автобуска жол бермедім.
- Екіншіден,..... . Белгіні көрмедіңіз бе?
- Жоқ, байқамаппын. Бір жолға кешіріңіз!
- Сіз жаяу жүргіншілерге қауіп төндірдіңіз.

7. Тест тапсырмаларын орындаңыздар.

1.Көлік қозғалысын реттеу және көлік жүргізуші мен жаяу жүргіншіге маңайдағы жол жағдайы жөнінде ақпарат беру мақсатында көше мен жол бойына қойылатын арнайы белгілерін не деп атайды?

- А.ескерту белгілері
- Ә.жол қозғалысы
- Б.жол белгілері
- В.жаңа ережелер
- Г.арнайы белгілер

2. Жол қозғалысының жаңа ережелері қай жылы қабылданған?

- А.1988 жылы
- Ә.1987 жылы
- Б.1978 жылы
- В.1998 жылы
- Г.1996 жылы

3.Мемлекеттік стандарттар бойынша жол белгілері неше топқа бөлінеді?

- А. жеті
- Ә.сегіз
- Б. бес
- В.төрт
- Г.тоғыз

4.Тыйым салу белгілері сөзінің аудармасы.

- А.запрет
- Ә.запрещено
- Б.запрещающие знаки
- В.предписывающие знаки
- Г.знаки

5. Жол белгілері кімнің келісімімен орнатылған.

- А. белгілі полиция
- Ә. автомобиль инспекциясы
- Б. жол қозғалысы
- В. мемлекеттік стандарт бойынша
- Г. полиция комитеті бойынша

Тақырып: Жол қозғалыс ережелерінің түрлері

жаңа сөздер – терминдер	новые слова - термины
хабарлайды	сообщает
үшбұрыш	треугольник
пішін	модель, форма
шартты белгілер	условные знаки
жолақ	полоска
қашықтық	расстояние
жиегі	окраина
шектеулер	ограничение
ақпарат	информация
кестеше	табличная

Жол қозғалыс ережелеріне сипаттама

Ескерту белгілері - жолдың қауіпті бөлігінің жақындағанын хабарлайды. Ол айналасы қызыл жолақпен көмкерілген ақ түсті тең қабырғалы үшбұрыш түрінде жасалып, ортасына қауіп түрін айқындайтын шартты белгілер салынады.

Басымдылық белгілері - көше қиылыстарын, жолдың жіңішкерген бөлігін, кесіп өту кезектілігін, т.б. белгілейді. Олар пішіндері мен түстері әртүрлі 9 жол белгілерінен тұрады.


Тыйым салу белгілері - жолдағы көлік қозғалысына белгілі бір шектеулер енгізеді немесе бұрын қойылған шектеулердің күшін жояды. Олардың пішіні дөңгелек болады, шеті қызыл жолақпен көмкеріліп, ақ түсті ортасында тыйым салатын шартты белгілер көрсетіледі.

Алдын- ала жазылатын белгілер - бір бағытта немесе көліктің белгілі бір түріне ғана жүруге рұқсат етілетіндігін көрсетеді. Солға бұрылуға рұқсат ететін белгілер кері бұрылуға да рұқсат береді. Жиегі ақ жолақпен көмкерілген көк түсті, пішіні дөңгелек не тік төртбұрыш болып келетін 18 белгіден тұрады.

Ақпараттық – көрсеткіш белгілер- қозғалыстың белгілі бір режимдерін енгізеді немесе күшін жояды, сондай – ақ (елді мекендер мен басқа да нысандардың орналасуы туралы хабарлайды). Олардың өлшемдері, пішіндері мен түстері әртүрлі болып келеді.

Сервис белгілері - жол бойында және жолдан әр түрлі қашықтықта орналасқан қызмет көрсету нысандары туралы ақпарат береді. Пішіндері тік төртбұрыш болып жасалып, жиектері қалың көк жолақпен көмкеріледі, ақ түсті ортасында нысандар туралы шартты белгілері көрсетіледі. Олардың саны -12.

Қосымша - ақпараттық белгілер - бірге қолданылатын жол белгілеріне қосымша ақпарат беруге арналған. Негізінен түсі ақ, төртбұрыш кестешелер түрінде жасалып, ортасына қосымша ақпараттардың шартты белгілері келтіріледі.



Тапсырмалар

1. Мәтінге сүйене отыра төмендегі кестені толтырыңыздар.

Түрлері	Саны	Пішіндері	Түстері	Ақпарат
1.Ескерту белгілері				
2.Басымдылық белгілері				
3. Тыйым салу белгілері				
4. Алдын - ала жазылатын белгілер				
5. Ақпараттық көрсеткіш белгілер				
6. Сервис белгілері				
7.Қосымша-ақпараттық				

2.Сөйлемдерді аударып, етістік шақтарын анықтаңыздар..

Дорожные знаки должны знать водители и пешеходы. Они записаны в правилах дорожного движения. Чтобы получить водительские права, нужно сдать экзамены по правилам дорожного движения. Водительские права выдают в ГАИ.

3.Екі бағанадан сөз тіркестерін құрастырыңыздар.

ҚЫЗЫЛ ақ	белгілері салу
-------------	-------------------

күшін	ақпараттық
басымдылық	орналасқан
әр	түсті
күшін	жояды
рұқсат	дөңгелек
пішіні	жолақпен
туралы	түрлі
қашықтықта	ақпарат
оң	көрсету
шеті	бағанаға
тыйым	етеді
биіктеу	көрсету
қосымша	қызыл
тік	жағына
қызмет	төртбұрыш

4.Бес жол өлең құрастырыңыздар.

- Зат есім
- Сын есім
- Етістік
- Сөйлем
- Синоним

5.Жұмбақтарды шешіңіздер.

Ұзын-ұзын ұз келер,
 Ұзын бойлы қыз келер.
 (...)

Ұзын-ұзын ұзын жіп,
 Ұшы қайдан табылар.
 (...)

6.Сұрақтарға жауап беріңіздер.

- Жүргізуші реттеуші мен бағдаршам бірдей белгі беріп тұрса, қайсысына бағынады?
- Жол белгісі мен жол сызықтарының көрсетуі бір-біріне қарама-қайшы болса, жүргізуші қайсысына бағынады?
- Аялдама белгісінде тоқтау ұзақтығы қанша уақыт?
- Бағдаршам жұмыс жасап тұрғанда жол қиылысындағы басымдылық белгісінің күші жойыла ма?
- «Сегіз қырлы» жол белгісі қалай аталады және қай топқа жатады?

7.Тест тапсырмалары

1. Жолдың қауіпті бөлігінің жақындағанын хабарлайтын белгі.

- А.тыйым
- Ә.сервис
- Б.ескерту
- В.басымдылық
- Г.қосымша ақпарат

2.Басымдылық белгілерінің пішіндері неше жол белгілерінен тұрады?

- А.жеті
- Ә.он екі
- Б.тоғыз
- В.отыз бес
- Г.он сегіз

3.Тыйым салу белгілерінің пішіні қандай болады?

- А.үшбұрышты
- Ә.тік
- Б.дөңгелек
- В.төртбұрыш
- Г.алтыбұрышты

4.Сервис белгілерінің саны қанша?

- А.алпыс алты
- Ә.елу
- Б.он сегіз
- В.он екі
- Г.отыз бес

5.Пішін сөзінің аудармасы.

- А.форма
- Ә.образец
- Б.модель
- В.рисунок
- Г.надпись

Тақырып: Бағдаршам



жаңа сөздер – терминдер	новые слова - термины
бағдаршам	Светофор
тігінен	вертикально
көлдеңінен	горизонтально
қозғалыс	движение
дөңгелек	круглый
тыйым салады	запрещает
жыпылықтайтын	мигающий
рұқсат етеді	разрешает
бағыт	направление

➤ Ереже

Жол қозғалысын реттеу үшін көлденең және тігінен орналасқан бағдаршамдар қолданылады.

Бағдаршамның сигналдары

Бағдаршамдарда жасыл, сары, қызыл және ай түстес ақшыл жарық сигналдары қолданылады.

Сигналдары тігінен орналасқан бағдаршамдарда қызыл түс жоғарыда орналысады, ал жасыл – төменде;

Сигналдары көлдеңінен орналасқанда – қызыл сол жақта, жасыл – оң жақта орналасады.

Дөңгелек сигналды бағдаршамдардың бір немесе екі дөңгелек жасыл сигналдың деңгейінде орналасқан жасыл бағыттаушы (көрсеткіш) түріндегі сигналдары бар қосымша секциялары болуы мүмкін.

Жасыл сигнал – қозғалысқа рұқсат етеді;

Сары сигнал – қозғалысқа тыйым салады және сигналдардың ауысқалы тұрғанын ескертеді;

Қызыл сигнал – оның ішінде жыпылықтайтыны, қозғалысқа тыйым салады. Қызыл және сары сигналдарың қосыла жануы қозғалысқа тыйым салады және жасыл сигнал жаңғалы тұрғанынан хабарлайды.

Тапсырмалар

1. Сұрақтарға жаауп беріңіздер.

- Қарама-қарсы қозғалыстағы көлікке арналған жол жолағы жоқ болса, жол қалай аталады?
- Қауіпті жерден қанша метр қашықтықта ескерту белгісі қойылады?
- Жол белгілеріндегі жасыл түс нені білдіреді?
- Автоарнада оқып жаттығуға рұқсат етіле ме?
- Елді мекеннің аты көк түсті реңде болса, қандай түсінік береді?

2. Мәтіннен сын есімдерді тауып, шырай түрлерін жасаңыздар.

3.Сөз тіркестерін аударыңыздар.

Желтый сигнал, выезжать на перекресток, запрещает транспорту, на пешеходном переходе, на перекрестке, освобождает перекресток, запрещает движение, разрешает поворот, не помешает транспорту, при зеленом сигнале, при красном сигнале.

4.Сөйлемдерді қазақшаға аударыңыздар.

Вследствие интенсивного движения на дорогах для безопасности людей создали ПДД, которые разъясняют обязанности всех его участников.Настоящий порядок царит на дорогах, если они полностью соблюдаются.В целях привлечения внимания общественности к проблеме сохранения жизни и здоровья детей на дорогах создают отряды юных инспекторов. Они рассказывают о том, что означает красный, желтый и зеленый цвета, изучают дорожные знаки, выступают в роли агитбригады и пропагандистов ПДД.

5.Жұмбақтардың жауабын табыңыздар.

Келетін ғажайып бар әр тараптан,
Екпіні бір кем емес, атқан оқтан.
Үстінде неше түрлі нәрсесі бар,
Бу шығып құлағынан бұрқыратқан,
Ысқырып ыңыранса азан-қазан,
Қос көзін маңдайынан жылтыратқан.
(....)

Өздігінен жүрмейді,жарыспайды,
Кісі мінсе жарыстан қалыспайды.
Аяғы екеу болғанмен ізі жалғыз,
Сағатта талай жерді қарыштайды
(....)

6.Сұхбатты толықтырыңыздар.

- Сіздердің көшелеріңізде бағдаршам бар ма?

-
- Бағдаршам не үшін қолданылады?
-
- Бағдаршамда қандай сигналдар қолданылады?
-
- Жол ережелерін не істеу керек?
-
- Сіз жол ережелерін сақтайсыз ба?
-

7.Рефлексия.

- Жол ережелерін
- Қызыл сигнал
- Сары сигнал
- Жасыл сигнал
- Жол қозғалыс ережелерін

Тақырып: Жүргізушілердің міндеттері

жаңа сөздер – терминдер	новые слова - термины
жүргізуші	водитель
құқық	право
міндет	обязанность
жүргізушінің куәлігі	водительское удостоверение
құжат	документ
растайтын	подтверждающий
жол қағазы	путевой лист
азаматтық –құқықтық	гражданско-правовой
есірткі	наркотик
ақау	дефект
техникалық байқаудан	не прошедший технический
өтпеген	осмотр
пайдалануды растайтын	доверенность



Жүргізуші ескеру керек

➤ Ереже

Автомобиль – жүргізуші» – жол кешеніндегі негізгі тұлға болып сақналады.

«Автомобиль – жүргізуші» – жол жағдайына қарай автомобильді басқару органы арқылы жүргізіп отырады.

Автомобильді басқару үшін әрбір жүргізуші жол үстіндегі мынадай жағдайларды есте ұстағаны жөн:

1. тез аңғару;
2. дұрыс шешім қабылдау;
3. қабылдаған шешімді дер кезінде орындау.

➤ Жүргізушіде:

- көлік құралын жүргізу құқығына жүргізушінің куәлігі (уақытша рұқсат және жүргізушінің жеке басын куәландыратын құжат) болу қажет;
- көлік құралдарына тіркеу құжаттарының болуы және мемлекеттік техникалық байқаудан өткендігі туралы құжат болуы керек;
- көлік құралының иесі болмаған жағдайда, осы көлік құралына иелік етуді немесе пайдалануды растайтын құжат болу керек;
- көлік құралы иесінің азаматтық – құқықтық жауапкершілігін міндетті сақтандыру туралы құжат болу керек;
- белгіленген жағдайларда жол қағазы мен таситын жүкке құжаттар болу керек.

➤ Жүргізушіге:

- мас күйінде, (АЛКОГОЛЬДІ; ЕСІРТКІ немесе өзгеде) ауру немесе шаршаған жағдайда көлік құралын басқаруға тыйым салынады;
- техникалық ақауы бар немесе мемлекеттік техникалық байқаудан өтпеген көлік құралдарын пайдалануға тыйым салынады;
- тежегіштің жұмыс жүйесі немесе рульдің басқаруы жұмыс істемейтін болса, көлік құралының қозғалысына тыйым салынады.

Жүргізуші көлік құралынан басқа да ақаулар туындаған жағдайда, сақтық шараларын сақтай отырып, тұрақ немесе жөндеу орнына апару керек.

Тапсырмалар

1. Мәтін бойынша мына кестені толтырыңыздар ?

Болу керек	Тыйым салынады

2. Екі бағанадан сөз тіркестерін құрап, 2-3 сөйлем құрастырыңыздар.

сақтандыру	құралы
мемлекеттік	бөлік
жүргізушінің	құжат
растайтын	өтпесі
тыйым	жүйесі
жаяу жүргінші	ақау
техникалық	тасымалдау

3. Сөздерді аударып, 2-3 сөйлем құрастырыңыздар.

Системы двигателя, головка цилиндра, коленчатый вал, рулевой механизм, тормозной механизм, передние рамы, коробка передач, карданная передача, ведущий мост, установка колес, СТО, запасное колесо, свеча зажигания, права водителя, правила дорожного движения, ГАИ.

4. Сөйлемдерді аударыңыздар.

Многие подростки получают травмы по своей вине, потому что перебегают улицу перед близко идущим транспортом, разговаривают по телефону, пишут СМС, переходя улицу или слушают музыку в наушниках.

Жизнь – это виртуальная игра, в которой, даже столкнувшись, разбившись, можно все начать сначала. В реальной жизни – иначе, поэтому нужно помнить, что прежде всего от самого человека зависит – превратится он в инвалида или останется здоровым.

5. Сұхбатты толықтырыңыздар.

- Сен автомобиль жүргізе аласың ба?
-
- Сенің жүргізуші куәлігің бар ма?
-
- Сенің автомобилің бар ма?
-
- Сен қалай ойлайсың, автомобиль жүріп тұру үшін не істеу керек?
-

6. Тест тапсырмалары

1. Көлік құралын жүргізу құқығына жүргізушінің қандай құжаты болу қажет?
А. куәлік
Ә. жеке басын куәландыратын
Б. жүргізушінің куәлігі
В. жол қағазы
Г. рұқсат қағазы
2. Көлік құралының иесі болмаған жағдайда қандай құжат болу керек?
А. пайдаланатын құжат
Ә. рұқсат құжат
Б. техникалық ақауы бар
В. растайтын құжат
Г. жүк таситын құжат
3. Сервис белгілерінің саны қанша?
А. алпыс алты
Ә. елу
Б. он сегіз
В. он екі
Г. отыз бес
4. Пішін сөзінің аудармасы.
А. форма
Ә. образец
Б. модель
В. рисунок
Г. надпись

Тақырып: Жүк тасымалдау



Тасымалданатын жүк пен жолаушылардың массасы дайындаушы-кәсіпорын белгілеген көлемнен аспауы

Жүк тасымалдауға мынадай жағдайларда (егер ол көлік құралының санатына және түріне сәйкес келсе);

- жүргізушіге шолуды шектемесе;
- басқаруды қиындатпаса және көлік құралының орнықтылығын бұзбаса;
- сыртқы жарық приборларын және айырым белгілерін көлегейлемесе,
- сондай – ақ қолмен берілетін дабылдарға кедергі жасамаса;
- шу туғызбайтын болса,
- жолды және қоршаған ортаны шаңдатпаса,
- лаस्ताмайтын болса жол беріледі.

Егер жүктің жай – күйі мен орналасуы аталған талаптарды қанағаттандырмаса, жүргізуші аталған тасымалдау ережелерінің бұзылуын жоюға, егер жою мүмкін болмаса, әрі қарай қозғалысты тоқтатуға міндетті.

Жүктер түрі:

- «Ірі көлемді жүк» («Крупногабаритный груз»)
- «Қауіпті жүк» («Опасный груз»)

Тапсырмалар

1. Мәтіннен аудармасын табыңыздар.

Перевозки груза, допускается при условии, соответствует категории и типу транспортного средства, не ограничивает водителю обзор, не затрудняет управление, не нарушает устойчивость транспортного средства, не закрывает внешние световые приборы, регистрационные и опознавательные знаки, не препятствует восприятию сигналов, подаваемые рукой, не создает шум, не пылит, не загрязняет дорогу окружающую среду.

2. Сөз тіркестерімен сұхбат құрастырыңыздар.

Ауыр салмақты, ірі көлемді, ені бойынша, жүріс бөлігінің, биіктігі бойынша, екі тіркемелі, көп тіркемелі, көлік құралы, 2 метрге, жүктерді тасымалдау, арнаулы ережелер, мемлекеттік органдар.

3. Антонимдерін тауып жаз, сөйлем құрастырыңыздар.

Жүк - . . . , жай - . . . , ірі - . . . қауіпті - . . . , ақ - . . . , лас - . . . биік - . . .

4. Мәтіннен болымсыз етістіктерді тауып, тұйық етістіктер жасаңыздар.

6. Анаграммаларды шешіп, артық сөзді табыңыздар.

1. ьсо

крісе

сапот

оқж

2. текеж

лікіб

шекүпгі

тепкем

3. екірт

ксид

бырұк

рісәд

4. ғақалдоң

мереср

рабабан

сөмек

5. сақсау

іниді

ғалқұб

олқ

Тақырып: Жол белгілерін қайталау

1. Сұрақтарға жауап беріңіздер.
 - Жол белгілері қайда қойылады?
 - Жол белгілері кімге ақпарат береді?
 - Жол қозғалыс ережелері немен анықталады?
 - Жүргізуші өзімен бірге қандай құжаттарды алып жүруі керек?
2. Сөз тіркестерін аударып, сөйлемдер құрастырыңыздар.

Определенное место, повороты налево, пешеходных переходов, около учебных заведений, ремонтных дорог, на проезжей части, водитель обязан, безопасность движения, знак установлен, посадить пассажиров, снять груз, особые условия, стрела на знаке.

3. Тест

1. Жол белгілерінің ... түрі бар.
 - А. 4 Б. 6 С. 8
 - Д. 5 Е. 7
2. Жол белгілері жолдың ... жағына орналастырылады
 - А. оң Б. төмен С. аласа
 - Д. сол Е. жоғары
3. «Знаки приоритета» сөзінің аудармасы.
 - А. басты
 - Б. бастық
 - С. басымдылық
 - Д. басшы
 - Е. басқару
4. Жол белгілері қанша қашықтықтан анық көрінетіндей болып жарықтандырылады?
 - А. 100 Б. 1000 С. 150
 - Д. 200 Е. 300
5. Ірі кәсіпорындар сөз тіркемесінің аудармасы.
 - А. крупные заводы Б. предприятия С. крупные монополии
 - Д. крупные предприятия Е. крупные промышленности
6. Автомобиль пайдалану қызметіне қарай неше түрге бөлінеді?
 - А. бір неше түрге Б. алты түрге С. үш түрге
 - Д. он түрге Е. көп түрге
7. Жарыс автомобильдері қайда қатысады?
 - А. әнге Б. спорттық жарысқа С. байқауға
 - Д. биге Е. көрініске
8. Жеңіл автомобильдер неге арналған?
 - А. шөп тасуға Б. жолаушылар тасуға С. жүк тасуға
 - Д. құрылыс материалдар тасуға Е. сұйық заттар тасуға
9. Көлік сөзінің сөз тіркесі
 - А. жуан Б. жіңішке С. қатаң
 - Д. үнді Е. ұяң
10. Автомобиль жолы неше санатқа бөлінеді?
 - А. бір Б. алты С. он екі
 - Д. бес Е. үш

11. Автомобиль жолы бойында нелер орналасқан?
 А. дүкендер Б. бағандар С. адамдар
 Д. жарнамалар Е. жол белгілері
12. Мемлекеттік сөзінің аудармасы.
 А. государство Б. государственный С. служебный
 Д. областной Е. местный
13. Автомобиль жолдарының ұзындығы қанша?
 А. 17, 67 мың Б. 69, 667 мың С. 87, 337 мың
 Д. 20, 555 мың Е. 19, 328 мың
14. Неше мыңнан астам көпірлер мен жол өткелдері бар?
 А. алты Б. он С. бір
 Д. үш Е. он бір
15. Көлік қозғалысын реттеу және көлік жүргізуші мен жаяу жүргіншіге маңайдағы жол жағдайы жөнінде ақпарат беру мақсатында көше мен жол бойына қойылатын арнайы белгілерін не деп атайды?
 А. ескерту белгілері Б. жол қозғалысы С. жол белгілері
 Д. жаңа ережелер Е. арнайы белгілер
16. Жол қозғалысының жаңа ережелері қай жылы қабылданған?
 А. 1988 жылы Б. 1987 жылы С. 1978 жылы
 Д. 1998 жылы Е. 1996 жылы
17. Мемлекеттік стандарттар бойынша жол белгілері неше топқа бөлінеді?
 А. жеті Б. сегіз С. бес
 Д. төрт Е. тоғыз
18. Тыйым салу белгілері сөзінің аудармасы.
 А. запрет Б. запрещено С. запрещающие знаки
 Д. предписывающие знаки Е. знаки
19. Жол белгілері кімнің келісімімен орнатылған.
 А. жол полициясы Б. автомобиль инспекциясы
 С. жол қозғалысы Д. мемлекеттік стандарт бойынша
 Е. полиция комитеті бойынша
20. Жолдың қауіпті бөлігінің жақындағанын хабарлайтын белгі.
 А. тыйым Б. сервис С. ескерту
 Д. басымдылық Е. қосымша ақпарат
21. Басымдылық белгілерінің пішіндері неше жол белгілерінен тұрады?
 А. Жеті Б. он екі С. тоғыз
 Д. отыз бес Е. он сегіз
22. Тыйым салу белгілерінің пішіні қандай болады?
 А. үшбұрышты Б. тік С. дөңгелек
 Д. төртбұрыш Е. алтыбұрышты
23. Сервис белгілерінің саны қанша?
 А. алпыс алты Б. елу С. он сегіз
 Д. он екі Е. отыз бес
24. Пішін сөзінің аудармасы.
 А. форма Б. образец С. модель
 Д. рисунок Е. надпись
25. Ескерту белгілерінің саны

А. 41
Д. 42

Б. 43
Е. 44

С. 45

Тақырып: Автомобиль өнеркәсібі

жаңа сөздер – терминдер	новые слова - термины
өнеркәсіп	промышленность
сала	отрасль
ірі кәсіпорындар	крупные предприятия
дәреже	уровень
өндіріс	производство
тасу	перевозить
автокүймелер	автофургоны
сусымалы	сыпучий
жабысқақ	вязкий
зауыт	завод
автоқотарғыштар	автосамосвалы
қорап	кузов

➤ *Ереже:*

Автомобиль өнеркәсібі- өнеркәсіптің
автомобиль жасауға мамандандырылған саласы.

Автомобиль өнеркәсібінің өркендеуі

1892 жылы Генри Форд (АҚШ) өзі жүретін автомобиль жасап шығарғаннан кейін көліктің осы түрін өнеркәсіптік тәсілмен шығару Еуропа елдерінде тез дамыды. Франция, Англия, Швеция, Германия, Ресейде автомобиль жасайтын арнаулы ірі кәсіпорындар көбейді.

Автомобиль өнеркәсібін өркендетуде өндірістің желілік әдісін кеңінен қолданған АҚШ-да алға шықты. 1900 жылы мұнда 4192 автомобиль жасалды. Францияда 1895 жылы құрылған «Рено», 1896 жылы құрылған «Пежо автомобиль» шығарып алатын дәрежеге жетті.

Автомобиль зауыттарында жүк және жолаушылар таситын автомобильдер, сұйық заттар (бензин, май, сүт, т.б.) тасуға арналған автоцистерналар, автокүймелер (автофургондар), сусымалы және жабысқақ жүктерді таситын автоқотарғыштар, тіркемелер, жартылай тіркемелі сүйреткіштер, цемент, мал, мал азығын таситын арнайы қораптары бар автомобильдер, тез бұзылатын жүктерді таситын рефрижераторлар т.б. шығаратын болды.

Автомобиль өндірісі бензин, керосин, металл, бояуларды көп талап еткендіктен автомобиль өнеркәсібі мұнай, химия, металлургия өнеркәсібінің өркендеуіне жол ашты.

Тапсырмалар

1. Мәтін бойынша сұрақтарға жауап беріңіздер.

- Автомобиль өнеркәсібі дегеніміз не?
- Қай жылы Г.Форд өзі жүретін автомобиль жасап шығарды?
- Қай елдерде автомобиль жасайтын кәсіпорындар көбейді?
- 1900 жылы қанша автомобиль жасалды.?
- 1895-96 жылдары қандай автомобиль монополиялары дәрежеге жетті.?
- Жүк және жолаушылар таситын автомобиль түрлерін ата.

2. Бос орынға керекті сөзді қойып, сөйлемдерді толықтырыңыздар.

XIX ғасырдың аяғында XX ғасырдың бас жағында ... және ... автомобильдер шығарыла бастады. Екінші дүниежүзілік соғыстан кейін КСРО құрамындағы Республикаларда дами бастады. XXI ғасырдың басында Өскемен қаласындағы « ...» мекемесі «...» автомобилін шығара бастады.

Керекті сөздер: Азияавто, Нива, Америкада, Еуропа, автомобиль өндірісі.

3. Сөйлемдерді аударыңыздар.

Автомобильная промышленность очень быстро развивается. Но нужно запомнить, что самое важное у человека – его жизнь и здоровье. Они напрямую связаны с поведением в повседневной жизни каждого из нас, особенно на дороге. Здесь мы должны быть внимательными, осторожными, знать и соблюдать правила пешеходов.

Нельзя все время надеяться, что водитель успеет затормозить или объехать. Человек за рулем находится в более сложной ситуации, так как должен выполнять несколько операций одновременно, а это непросто.

4. Сұхбатты толықтырыңыздар .

- Сәлеметсіз бе?
- !
- Халіңіз қалай?
- Сіздің ше?
-
- Кешіріңіз, сіз қайда тұрасыз?
-
- Қазақстанда автомобиль өнеркәсібі бар ма?
-

5. Сөздерді сөз құрамына талдаңыздар.

сөздер	түбір	жұрнақ	көптік	тәуелдік
Өнекәсіптік				
Елдерінде				
Әдісін				
Автокүймелер				
Сүйреткіштер				
Өнеркәсібінің				
Бұзылатын				

6.Тест тапсырмалары.

1. Генри Форд қай жылы өзі жүретін автомобиль жасап шығарды?
 - А. 1892 ж.
 - Ә. 1899 ж.
 - Б. 1932 ж.
 - В. 1900 ж.
 - Г. 1987 ж.
2. 1900 жылы қанша автомобиль жасалды?
 - А. 3142
 - Ә. 1902
 - Б. 4192
 - В. 4115
 - Г. 2358
- 3.Автомобиль өнеркәсібі сөзінің аудармасы.
 - А. автомобильная производство
 - Ә. автомобильстроение
 - Б. автомобильная промышленность
 - В. автомобильная монополия
 - Г. автомобильный завод
- 4.Автомобиль өнеркәсібі әдісін қолданған қай ел алдыңғы қатарға шықты?
 - А. Франция
 - Ә. Англия
 - Б. Германия
 - В. АҚШ
 - Г.Еуропа
5. Ірі кәсіпорындар сөз тіркесінің аудармасы.
 - А. крупные заводы
 - Ә.предприятия
 - Б. крупные монополии
 - В. крупные предприятия
 - Г.крупные промышленности

Тақырып:**Автокөліктік кәсіпорындар**

жаңа сөздер – терминдер	новые слова - термины
тұрақ	стоянка
ағымдық	текущий
шеберхана	мастерская
сығылған ауамен	сжатый воздух
тозған	устаревший, изношенный
істен шыққан	вышедшие из строя
қалпына келтіреді	восстанавливает
май құю	замена масла
зауыт	завод
көлікжай	гараж
тіркеме	прицеп
күтіп-баптау	ухаживать
кешен	комплекс

➤ **Ереже**

Автокөліктік кәсіпорындар- автомобильдерді, автобустарды және тіркемелерді сақтауға, күтіп – баптау және жөндеу жұмыстарын



Автокөліктік кәсіпорынның түрлері

Автокөліктік кәсіпорындар тұрақтаушы, кешенді көлікжайларға, техникалық қызмет көрсету станцияларына, май құю станцияларына, автомобиль жөндеу зауыттары мен шеберханаларына бөлінеді.

- Тұрақтаушы көлікжай автомобильдерді сақтайды.
- Кешенді көлікжайда автомобильдерді сақтаумен бірге, техникалық күтім жасалады және оларға ағымдағы жөндеу жасалады.

- Техникалық қызмет көрсету станцияларында – автомобильдерге күтім көрсетіледі және ағымдағы техникалық жөндеулер жасалады. Сондай –ақ мұнда қосалқы бөлшектер сатылады.
- Май құю станцияларында автомобильдерді отынмен, майлауыш материалдармен, сумен, сығылған ауамен қамтамасыз етеді және автомобиль құрал- жабдықтарын сатады.
- Автомобиль жөндеу зауыттары мен шеберханаларында тозған, істен шыққан автомобильдерді және олардың агрегаттарын қалпына келтіреді.

Тапсырмалар

1. Семантикалық картаны толтырыңыздар.

Тұрақтаушы көлікжай	Кешенді көлікжай	Техникалық күтім станциялары	Май құю станциялары	Автжөндеу зауыттары мен шеберханалары

2. Мәтіннен кесте бойынша жалғаулары бар сөздерді теріп, жазыңыздар.

Көптік жалғау	Септік жалғау	Жұрнақ	Етістік

3. Сөз формаларының тиістісін таңдап алып, жақшаны ашыңыз.

Тұрақтаушы көлікжай (автомобильдерге, автомобильмен, автомобильдерді) сақтайды.

Автодүкенінде (қосалқы, қосалқылау, қосалықты) (бөлшектер, кеселер, сабындар) сатылады. Автожөндеуіш шеберханалары мен зауыттар (тозған, тозбаған, тозып кетпеген,) істен шыққан автомобильдерді және олардың (агрегаттарды, агрегаттарынан, агрегаттарын) қалпына келтіреді.

Еуропада жеңіл автомобиль (4,5,6,7,8) класқа бөлінеді.

Автомобильдердің негізгі механизмдерін (3,4,5,6,7) топқа бөлуге болады.

Автомобиль зауыттарында (көйлек, көлік, ойыншық) шығарылады.

4. Сұрақтарға жауап беріңіздер.

Қостанай қаласында қандай автокөліктік кәсіпорындар бар?

Қалада қандай зауыттар бар, олар неге арналған?
Май құю станцияларын ата.

5. Көп нүктенің орнына керекті сөздерді қойып, сұхбат құрастырыңыздар.

- Алло! Сәлеметсіз бе?

- бе!

- Менің машинамның сынып қалды. Сіздерде бар ма?

- Сізде қандай автомобиль?

-

-

- Мекенжайыңызды айтыңызшы.

-

- Біз сізге келеміз.

Сау болыңыз?

-

6. Сөйлемдерді аяқтаңыздар.

Еуропа елдерінде

Өткен ғасырда

Қазіргі кезде техникалық прогресс

Әрбір автомобильге шығатын зауыт

Қазақстанда автомобиль жолдары

Тақырып:

Техникалық күтім станциялары



жаңа сөздер – терминдер	новые слова - термины
күнделікті	ежедневный
маусымдық	сезонный
